




Алтын ТАМЫР

Әдеби - мәдени, қоғамдық журнал 6-2012



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН
1894 - 1938



Сайын НАЗАРБЕКҰЛЫ

Абай әлеміне саяхат

Біздің замандастарымыз (жиырма бірінші ғасырға өмір өрмегінің жүзін аударып жеткендер) Абай өлеңдерін бала күнінен мектепте жаттап өсті.

Абай еңбектерін рухани азыққа айналдыру соларға негізінен үш бағытта жүзеге асқан секілді. Бірін мамандығы мәжбүрлесе, енді бірін қызмет бабы Абай атын еске түсіртіп қоятын. Ал енді бірі Абай еңбектерін өздерінің қалауымен оқып, жандарына рухани азық етіп келді. Біз өзімізді соңғы топқа жатқызғалы отырмыз.

Сол топта жүріп, біз, жасымыз Абай сүрген ғұмырдан асыңқырап кеткен шақта, Абайды тек қана оқып шығу жеткіліксіз екен деген пайымға тоқтадық.

Абайды оқу қажет екен...

Оқығаннан кейін ойланған дұрыс секілді...

Дұрыстап ойланып ал да, ойыңды жария ет...

Біз өзімізді «адам деп, адмгершілік деп» тіршілік ететіндер санатына қосамыз. «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» – демекші, біз де кешірек болса да, Абай еңбектерін сана зердесімен пайымдап, ой толғамдары арқылы қабылдап байқағымыз келді. Содан пайда болған түйсікті ойға айналдырып, қағазға түсіріп, түсінігін көпшілік назарына ұсыну қажеттілігін мойындадық.

Біздің еңбегіміздің атақты философтар мен ғалымдардың, Абай мұрасын зерттеушілердің назарына ілігіп, кемшілігі байқалып жатса, біз ешкімнен де кешірім сұрамаймыз. Өйткені, бұл еңбек кәсіби Абай зерттеушісінің еңбегі емес, Абайды өз бетімен оқып, өз түсінігін көпшілік назарына ұсынып отырған көптің бірінің еңбегі.

Осылайша, ойлана, бір шешімге келіп алып, біз Абай әлемін іздеп шықпақ болдық, осы сапарға бел байладық.

Абай әлемін таба аламыз ба?

Кездесе қалсақ, ол әлем бізге есігін аша ма?

Тіпті ашық есікті әлем ішіне ене аламыз ба?

Ол бізге жұмбақ... Дегенмен талпынуды, талап қылуды Абай жақсы көрген... Бізге ондай қайда деп мойымауды тапсырған...

Мойындай кетелік, бұл сапардың алғашқы қадамын басу бізге қиынға соқты. Қалай ұмтылсам да келіспей тұрған секілді бо-

лып, дәлірек айтқанда, өзіме ұнамай көп азаптандым. Кейде бұл саяхатқа аттану маған мүмкін еместей көрінетін. Қаламды талай рет қолға алып (компьютерді) оқталғанмен, бұл жолға қалай қамдану керек екеніне ой жетпей, меселім қайтып, жабырқап қала беретінмін. «Айылын тартып мінер арғымағың жоқ болса, айдыңға жүздірер желкенің болмаса, бос қиял емес пе, қолың көтерместі білегіңе неге жүк қыласың» деп торығып та кететінмін.

Осындай ойлар үстінде «Ұлы Абай» деген сөзді қайталап отырып, «Ұлыны туған ел де ұлы» деген ой менің осы сапарыма жол ашып бергендей болды. Абай ұлы болса, ұлыны тудырып отырған ел де ұлы емес пе!...

Сонда, ұлы ел – несімен ұлы?

Содан барып бұл әлемде ұлы елдер кімдер еді деп санай бастадық. Көп екен. Көп секілді болды. Біраз елдің есімін еске түсірдік. Біразын оймен шолып, солар ішінен үшеуін таңдап алдық. Содан соң «осы елдер несімен ұлы еді?», «осы елдерді ұлылар қатарына қалай қосып отырмыз?» деп, біз өзімізге сұрақ қойдық.

Осы сұраққа жауап ретінде біздің санамызға алғашқы боп әсер еткен, оларды бізге ұлы атандырып отырған олардың жаулап алған елдері де емес, шалқыған байлығы да емес, халқының саны да емес секілді боп көрінді. «Елді ұлылар қатарына шығарар сол елдің жеке тұлғалары екен-ау» деген түсінік пайда болды.

Ағылшындарды ұлы халық дейді.

Ағылшын елінде Шекспир деген керемет болыпты. Қаншама ғасырлар бойы Шекспир аты жер жүзінің барлық азаматының аузынан түспестен келеді. Шекспир арқасында ағылшын елі де ұлықтана түсуде. Шекспирмен қабаттаса «Робинзон Крузо», «Қазына аралы» секілді кітаптар еске түсті.

Орыс халқын бізге көзіміз қара танығалы, көкірегіміз сөз ұққалы ұлы халық деп таныстыруда. Ұлы екендігінде сөз жоқ. Ұлы ел! Олардың ұлылығының бір дәлелі – отыз сегіз жыл өмір сүрген Пушкин өмірін орыс ғалымдарының ізденгені, зерттегені соншалық, қазір ақын өмірінің бірнеше күндері ғана ақтаңдақ деп есептеледі. Олар Пушкин деген ақын баласының қай күні кіммен сөйлескенің, не айтқанына дейін хаттап шығыпты. Ломоносов, Петр патша, Толстой, Лермонтов, Гумилев, Курчатов... Олар ұлыларын ұлықтапты. Біздер сол арқылы бүкіл елді ұлы деп танымыз. «Тынық Дон», «Дубровский», «Арылу», «Обломов» секілді кітаптар еске түсе бастады.

Қытай дейтін ұлы халық десек, ешкім таласа қоймас. Бұдан үш мың жылға жуық бұрын өмір сүрген Конфуций деген бір баласының аузынан шыққан әр сөзін әлі күнге аударып, төңкеріп, қайта-қайта тұзын татып, дәмін тексеруден жалығатын емес. Қытайлардың осы әрекетінің арқасында бүкіл әлем ойшылдары Конфуцийден бір ауыз сөз кірістіріп, көсемсінуге тырысады.

«Ұлысын ұлықтау – ел ұлылығының негізгі көрсеткіші» деген қортындыға келдік...

Бала кезден Мұхтар Әуезов еңбектері арқылы Абайды таныдық. Сөз мәнісін түсінгелі Абай ұлылығын мойындадық.

Біз оқушы ретінде, әлемде ұлы атанғандар еңбектерін біршама оқып келеміз. Ұлылар ұлылығын мойындаймыз. Бірақ біз сол ұлылар тізімінен соғыс пен жауыздық, бақытсыздық пен қайғы тарту арқылы іліккендерді сызып тастадық.

Біздің тізімге іліккен барлық ұлыларға ортақ бір қасиет бар, ол – олардың адам сүйгіштігі.

Әлемдік деңгейдегі адам сүйгіш, адамгершілік қасиеті жоғары тұлға ретінде біздің ұлы атамыз Абай тым ерекшелену болып көрінеді. Талай ұлы тұлғалардың шығармашылық тамырынан адамгершілік нәрін татып байқадық, бірақ біздің ақын атамыздың көтерілген биігі еш із түспеген, соны биік деп ойладық.

Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!» – десе, ол осы накыл сөзімен-ақ өзінің әлемдік дәрежедегі ұстаз екенінің дәлелдей алған. Бұл сөзді оған дейін ешкім айта алмапты...

...Тобықтының бір атасына жан-тәнімен еңбек етіп өз өмірін бастаған Абай бара-бара тұтас қазақ халқының рухани болмысына пайдалы болу керектігін түсінген. Содан барып: «Бірінді, қазақ, бірін дос, – көрмесең істің бәрі бос» – деп ұлттық ұран тастайтындай дәрежеге көтерілген.

Нағыз ұлы тұлға ұлттық шеңберде шектеліп қала алмайды. Оларды бүкіл әлемдік мәселелер толғантады. Ұлылықтың негізгі белгісі бүкіл адамзаттық, бүкіл әлемдік құбылыстардан ақиқат іздеу болса керек. Сол толғаныс үстінде Абай адам атты пенделердің мұн-мұқтажын өз жүрегінен өткізе алған. Содан барып, бүкіл адамзат ұранын, саналы тіршіліктегі адам сүйеніш тарабар бұл дүние ақиқатын анықтай алған.

«Адамдардың бәрін сүй бауырым деп!» – деген Абай ой түйіні бүкіл адамзат ұранына айналуға тиісті қасиетті сөз!

Бұл сөздің тәні де бар, жаны да бар! Бұл сөз – тірі сөз! Бұл ұран сөз – мағынасын бүкіл әлем бойына сіңіруге, тіршілік ету үшін күрес құралына айналдыруға тұрарлық қағида!

Бұл сөз бүкіл әлем саясаткерлерлерінің басты ұранына айналған кезде жер бетінде Жұмақ орнамақ!

Абай тек қана қазақтардың емес бүкіл әлем жұртшылығының перзенті және ұлысы!

...Абай әлемі жұдырықтай жермен шектеліп қалмаған. Оны «Жеті қат көю» мәселесі де аз толғандырмаған. Содан барып, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» атты ақиқат сөз аузынан шыққан. Абай аузынан шыққан, бізді ерекше сүйсіндірген, үш ауыз сөзді жеке жазып көрелікші:

Бірінді қазақ бірін дос көрмесең істің бәрі бос...

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Алланың өзі де рас, сөзі де рас...

Осы сөздер – қазақ баласының аузынан шыққан сөздер.

Адамдар қазақтың ұлы ел екеніне осыдан кейін қалай күмәнді болмақ!

Қалай қазақ екеніне мақтанбассың!

Кез-келген қазақ баласы Абайдың әр ойынан, әр сөзінен жанына шипа боларлық бір нәр ала алмайтын болса, оған сезім атты түйсіктің қажеттілігіне күмәніміз бар.

Қазақ халқы – Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлкей Марғұлан, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әбіш Кекілбайұлы, Олжас Сүлейменұлы, Нұрсұлтан Әбішұлы секілді, санаса сан жетпес ұлдарының атымен ұлы ел.

Шекспир, Пушкин, Конфуций секілді біздің ұлыларымыздың басында Абай тұр! Бұл, әрине, салыстырмалы түсінік. Әйтпесе қазақты қазақ еткен әлі күнге аты есте: Қорқыт, Асан, Жиренше, Бұхар, Абылай, Әбілқайыр, Төле, Қазбек, Әйтеке, Махамбет секілді ұлдары толып жатыр.

Ұмыт болғандары қаншама?..

Ұмыт болғандар деген қандай ауыр сөз еді..

Ұлыларды ұмытуға бола ма?..

Болмайды ғой!..

Ұлы атын мәңгілеу – ел міндеті емес пе...

Ұлыларын ұмытқан ел, ол қандай ел?..

Абайды оқыту керек, оқу керек. Оқы да ойлан. Ойға тоқығаныңды айта жүр. Әсіресе, Абай секілді ұлыларды жалпы жұрт болмысына сіңіре беру әр саналы азамат міндеті деп ойлаймыз. Абайды бар сана-сезімімен ұлық тұту әр қазақтың борышы...

Сонда ғана ұлылар аты ұмытылмайды.

Сонда ғана қазақтар бірін – бірі дос көрмек.

Сонда ғана істелген іс бос болмақ емес.

Абай ойын, Абай түсінігін бойға сіңірген кісіге тек қана өз жұрты емес, адам баласының бәрі бауырға айнала бастамақ.

Аллаға деген шынайы сезім жүрекке енбек.

Абайдың ұлылығына сенгендер қазақ халқының ұлылығына сене алады.

Абай сөздерінің нәріне тамсанғандар қазақ халқының данышпандылығы мен ойлылығына, қазақ тілінің күші мен құдіретіне сене бастайды.

Абай сөздері бір құлақтан кіріп, екінші құлақтан шығып жататын болса, онда құлақтың ол адамға пайдалы мүше екендігіне күмән келтіруге болар...

Абай бір өлеңінде: «Білімдіден шыққан сөз, Талаптыға болсын кез» – деген екен. Біз өзімізді талаптылар тобына жатқызуға шешім қабылдап алып, Абай әлеміне сапар шегіп қайтқалы отырмыз...

Сапарлас боламын дегендерге кемемізден орын табылады.

Тек қана біздің бір талабымыз бар.

Онымыз: Абайдың бір шумақ өлеңін жаттап алып, мағынасына тұшыну...

Білімдіден шыққан сөз –

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз...

Абай – біліміден шыққан сөзді (Абай білімді) түсінуге тырысқан талаптының міндетті түрде көкірегінде көзі болғанын қалап отыр.

Аллатағала өз құдіретімен кейбір пенделеріне үшінші көз, «көкірек көзін» береді екен.

Біз, көкірек көзі анық байқалып тұрмайтындарды да талапты болуға шақырамыз.

Көкірек көзі жарқырып тұрмаса да маңдайдағы екі көзбен Абай сөздерін көкірекке тоқып, тәннен өткізе, жанға жеткізсе, содан барып жан сезімін тән пайдаланса дейміз...

Осы мақсатпен біз Абай поэзиясына көз сала отырып, Абайдың қара сөздерін оқып шықпаққа ниеттендік.

Ана тілімізде сөйлейтін қазақ тілді ойшылдарды ғана емес, әлем философтарын да терең ойға батырып келе жатқан Абайдың заты асыл, жаны жұмбақ сөздерін «қара сөз» деп атау қалыптасқан.

Біз Абай сөздерін: тірі, жаратылысы ұлы, болмысы ақыл, көзге көрінбейтін қасиет ретінде елестетеміз. Абай сөздерінің тірі екеніне, жаны бар екеніне сенеміз.

Бізге алғашында, Абай сөздеріне «Абайдың көсем сөздері» деген атақ лайық секілді болған.

Егер «қара сөз» деп ат таққан Абайдың өзі болса, онда өз сөзіне «көсем сөз» деп ат тағуға ақылдылығы мен даналығы жол бермеген болар деп те ойлаған болатынбыз...

Бірақ қазақтың «қара» деген сөзіне арттырар жүктері туралы ой жүгірткеннен кейін біз алғашқы ойымыздан қайттық.

Халқымыз «қара» сөзіне сан түрлі мағына берген екен.

«Қара» сөзі арқылы жұртымыз даналық пен тереңдік, шексіздік пен жұмбақ нәрселер мағынасын бейнелеп: қара құрдым, қара жер, қара көбейту, қара орман деген сөздер пайдаланыпты.

«Қара» арқылы қазақ қайрат пен күш қасиеттерін анықтап: қара күштің иесі, қара қайраты мол, қара нар, қара нәсер секілді сөздермен бұл сөзге ерекше күш беріпті.

Бұл сөз арқылы халқымыз ел мен жұрт мағынасын түсіндіріп: қара халық, қара тобыр деген сөздерді шығарады.

Қара деген сөзге ең бір қасиет тұтқан нәрселерін теңеп қара шаңырақ, қара орын, қара жұрт деп ардақтаған.

Аяушылық ретінде: қара қасқа кедей, қара табан болу;

Көп деген мағынада: қара құрттай қаптау, қара құрым, қара нөпір топ;

Сұлулықты бейнелеп: қара торының қандысы, қара көз;

Мезгіл ретінде: қара көлеңке;

Ұрпаққа сүйіспеншілік: қарайғаным, қарағым;

Жауыздық пен арамдықты бейнелеп: қара ниет, жүзіқара, қара албасты, қара жүрек;

Өлшем ретінде пайдаланып: қара жол, қара көрдім жер деп те жатады.

Ақ сөзінің қарсы мағынасында аққа қара күйе жағушы деп сөгеді.

Ал өлеңде айтылатын «қазақтың қара өлеңі» деген түсінік: үйреншікті өлең, нағыз қазақи өлең, көпшіліктің жадында қалған ескі мұра деген секілді түсініктер баламасы.

Абай сөзіне осылай ат таққан қазақ ойшылдары болса, онда олар «қара сөз» деген атаққа:

Абай сөзі – сыры мол, астары терең сөз;

Абай сөзі – тек бір адам емес, бүкіл адамзат пенделерінің мүддесіне сәйкес келе алар ойлар жиынтығы;

Абай сөздері – Абайдың ақылы мен парасаты, ойы мен дарын сәулелері арқылы басқалар санасына жарық түсіру құралы...

Ойсыздарға да ойлыларға да заты жұмбақ, жанының тұңғыығы терең, биіктігі жеті қат көкте жатқан Ұлылар ойындағы жұмбақтарды шешу уақыт деген құдіреттің шамасы жетер ғана құбылыс. Әйтпесе екі миллиардқа жеткен қытай халқы үш мың жыл бойы бір кісі еңбегін зерттеуден жалыққан болар еді.

Әр жаңа туған ұрпақты өз түсінігімен қызықтырар ұлылар болады. Ұлылар ойына олар өз түсінігімен, өз көздерімен, өз заманының талабымен қарайды. Сондықтан ұлылар мұрасы – мәңгі тірі.

Сол ұлылардың бірі – Абай!

Абай сөздерінің жай қара сөз де емес, тек қана көсем сөздер жиынтығы да емес екеніне бұ заманда қазақтардың да, әлем жұртшылығының да көздері жеткен секілді.

Бұл сөздер өз шешімін әр жаңа заман, әр жаңа ұрпақ өзімен бірге ала келетін: салмағы «қара жердей», жұмбақтығы «қара құрдымдай», шексіздігі «қара нөпірдей» құбылыс.

Абай «қара сөздерін» «көсем сөздер» деп атаудың жөнсіздігін байқадық.

Абай:

«Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға

Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда...» – дейді

Абай сөздері жан-дүниемізді нұрландыра түсер ме екен деп, біз Абай сөздерінің ой биіктігіне бой жеткізуге тырысып, мағына тереңдігіне дем жеткізуге тырысып, оларды өз ой-елегімізден өткізе оқып шығуға бел байладық.

Егер бұл сапарда Абай биігіне шама келмей, шарға жетпей жатса, онда ең болмаса Абай әлеміне жақындай түсерміз деген үміт біздің ең басты мақсатымыз болмақ...

Абай «қара сөздері» қырық бес сөзден тұрады екен...

Неге аз? Жоғалғаны жоқ па екен?..

Неге қырық бес?

Одан көп болуы мүмкін бе еді?

Бұл сұрағымызға айтарлықтай дәлелді жауап таппадық. Бірақ олар туралы ойлар бар.

Солардың бірі Абайдың қара сөздері қырық бестен көп те болуы мүмкін еді дейді. Абайдың ойлау дәрежесі осы сөздерде

қамтылғандардан да басқа көптеген мәселелер жөнінде ой толғап, өз қорытындыларын қорытып шығаруға жететін еді. Бірақ не өзі қаламады, не ғұмыр қысқалығы мүмкіндік бермеді дейді.

Екінші бір ой – «Абайдан айтылмаған сөз қалмады» дейтін кейбір зерттеушілер ойын қуаттамақ болады. Олар адам (қазақ) баласының өміріне керекті ақыл мен ойды Абай сөздері мен өлеңдері түгендеп кеткен дейді. Бұл ойға да көңіл тоқтатуға болатын секілді. Өмірде кездесіп жататын кез-келген құбылысқа, оқиғаға Абай сөзімен мысал келтіріп, Абай өлеңімен қостауға болатынына көзіміз жетіп келеді.

Осындай бір-біріне қарама-қарсы ой тұлпарларына мініп алып, біз де біраз саяхат жасап қайтсақ па дейміз...

Саяхат болғанда да Абай әлеміне, Абай ойларына, Абай өлеңдеріне саяхат...

Біз өзімізше, алдымен, Абай сөздеріне берілген сандық белгілер орнына мағыналық теңеу таңып байқамақ болдық. Содан барып төмендегідей тізім жасақтадық:

Бірінші сөз – адам міндетін анықтау;

Екінші сөз – еңбекке баулу;

Үшінші сөз – билік сыры;

Төртінші сөз – мастық пен күлкі;

Бесінші сөз – қалыптасу;

Алтыншы сөз – түсінік;

Жетінші сөз – талпыныс;

Сегізінші сөз – насихат;

Тоғызыншы сөз – ұлт жандылық;

Оныншы сөз – ұрпақ;

Он бірінші сөз – кәсіп;

Он екінші сөз – ғибадат;

Он үшінші сөз – иман;

Он төртінші сөз – жүрек;

Он бесінші сөз – ақыл;

Он алтыншы сөз – еліктеу;

Он жетінші сөз – бірлік;

Он сегізінші сөз – кербездік;

Он тоғызыншы сөз – естілік;

Жиырмамыншы сөз – жалығу;

Жиырма бірінші сөз – мақтан;

Жиырма екінші сөз – қадір тұту;

Жиырма үшінші сөз – қуаныш пен жұбаныш;

Жиырма төртінші сөз – күншілдік;

Жиырма бесінші сөз – құлшылық;

Жиырма алтыншы сөз – надандық;

Жиырма жетінші сөз – өсиет;

Жиырма сегізінші сөз – парыз;

Жиырма тоғызыншы сөз – сақтық;

Отызыншы сөз – ұят;

Отыз бірінші сөз – ойлылық;
Отыз екінші сөз – талап;
Отыз үшінші сөз – өнер;
Отыз төртінші сөз – бұ дүние;
Отыз бесінші сөз – о дүние;
Отыз алтыншы сөз – ұят пен иман;
Отыз жетінші сөз – уағыз;
Отыз сегізінші сөз – жаратылыс;
Отыз тоғызыншы сөз – намыс;
Қырықыншы сөз – мінез;
Қырық бірінші сөз – тәрбие;
Қырық екінші сөз – тіршілік қамы;
Қырық үшінші сөз – тән мен жан;
Қырық төртінші сөз – тазалық;
Қырық бесінші сөз – адам болмысы.

Біз осыдан кейін әр қара сөз мағынасына сәйкес деп таңдаған атаулар тізімін талдап қарадық. Бұдан байқағанымыз тек қана ұят (отызыншы, отыз алтыншы) және иман (он үшінші, отыз алтыншы) атаулары, солар туралы айтылар ой екі рет қайталанатынын байқадық. Басқа ешқандай ой да, сөз де қайталанбайды. Осыған қарап, біз Абайдың осы еңбегін жазуға кірісер алдында адам баласының тәрбиесіне, тіршілігіне қажетті деген насихат сөздерінің тақырыбын іріктеп, тізіп алып барып, сосын іске кіріскен бе деп ойлаймыз.

Абай ойларына, Абай әлеміне саяхат жасамақ болғандардың бір мойындауға тиісті ақиқаты болуға тиісті. Ол – Абайды түсінудің сан сатылы болатыны. Өйткені осындай саяхатқа шыққандар білімі мен зердесінің, табиғи болмысы мен тәрбиесінің жобасына байланысты тек қана өз дәрежесіне дейін көтеріле алмақ. Мысалға менің ойшылдығым мен білімпаздығым орташа ғана дәрежеде болса, онда менің тұжырымдарым атақты білгірлер сатысынан әлдеқайда төмен тұруы кәдік. Олардың мені жазғыруы да мүмкін. Бірақ мен оған мойымақ емеспін. Өйткені Абаймен сырласуға, Абай әлеміне саяхат жасауға әркімнің де қақысы бар. Абайдың өзі «болмасаң да ұқсап бак» деген.

Сонымен Абайдың қара сөздері маған не дейді?

Жаратылысты, тіршілік ережелері туралы өмір қағидаларын қабылдау арқылы өзімнің білімім мен ақылымның жобасы Абай сөздерінен не ұға алды?

Біз, ең алдымен, Абай өз сөздерін қалай бастап, қалай аяқтады екен деген сұраққа жауап беруге тырыстық та, бірінші сөз бен соңғы сөз мағыналарына ой жүгіртпек болдық.

Абай бірінші сөзімен өзінің саналы тіршілік алға тартар көп нәрселер туралы ойланатын жан екенін танытады. Болашақ оқушыларымен әңгіме-дүкен құра отырып, өз ойларын, болашақ айтылмақ сөздерін, көздеген мақсатын соншалықты түсінікті, талас тудырмайтындай етіп, түсіндіріп береді.

Алпыс жылдық ғұмырымен Абайдың ойы мен сөзі, өнері мен ақылы мәңгілік пен шексіздік атты жұтпаның өңешіне сиғысы келмей, амалсыз жұртшылық назарын өзіне аударуда.

Абай – әлем туралы білікке де, адам туралы танымға да өз көзқарасы болғанын, өз пайымын қалыптастырғанын дәлелдеген адам.

Абайдың бірінші сөзінен алынған келесі үзіндіні оқып қаралық...

...Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын...

Абай осы сөздерімен әлем жаратылысына қайрат көрсетпек болғандардың таласы мен тартысының нәтижесін анықтап береді. Уақыт кім кімді де мансабына, байлығына, көкірегіне қарамай, ақыры, қажытады, жалықтырады. Ақылы жеткендердің әлгі талас пен тартыс істерінің түбінде қоршылық екендігін, адам пендесінің жаратылыстағы орны бір-бірінің жағасын жырту емес екендігін түсіндіреді.

Абай өмір сатыларын осылайша өткізіп алып, Жаратылыс Ақиқатын іздейді.

...Ақыры, ойладым: Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры, осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ...

Абай бірінші сөзін: «... дедім де, ақыры, осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» – деп, осылайша аяқтайды.

Әрине, әлем тыңдарлық асыл сөздер иесі Абайдың өмірден мүлдем алшақтап кетуі мүмкін емес. Абайдың еш нәрсеге енжар қарай алмайтыны, заманға да, адамға да немқұрайлы бола алмайтыны түсінікті. Бірақ Абай өзінің осы қара сөздерін ерекше таққа отырғызып кету үшін солай деп те отырған болар.

«...енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» дегенде, болашақ айтылмақ ойларынан күтері көп екендігін, барлық шаруасы мен шығармашылық еңбегінен болашақ жазылмақ ойларын ілгері орынға шығаратынын байқатқаны секілді...

Ой ойлау...

Ойды қағазға түсіру...

Ойым біреудің пайдасына асса деп дәмету...

Әрине, бұл қылықтар Абайдың ұстаз екендігіне дәлел. Ұстаз болғанда да әлемдік дәрежедегі ұстаз.

Бірінші сөз: жеке жаратылыстың (ұлыларды ойлап отырмыз) ой ісінің нәтижесі жай адам пенделерінің қолмен тындырар істерінен қажеттірек екенін, ондай адамдардың табиғат сыйлаған ерекше дарынын жалпы адамзат үшін пайдаға асыру жолындағы еңбегінің құндырақ екенін дәлелдеп шыққан.

Абай өзінің ұлылығын байқаған болса керек. Содан барып ол кез-келген пенде тындырып жатқан болымсыз нәрселермен, тіршілік

тауқыметімен айналысудан бас тартқан болар, содан барып жалпы адамзат мүддесін қанағаттандыруарлық ойларға берілген болар деген сенімге жетелейді...

Екінші сөзге саяхат

Бұ сөзінде Абай «қайран жұрты қазағына» қайран қалады. Жанындай жақсы көретін халқын басқалармен салыстырып қарап, өзгелердің өз жұртынан озық жерлерін мысал етеді. Қайран жұрты қазағының кей қылықтарын ызалана бетке баса отырып, өз жүрегін жарақаттай отырып жалпы жұртшылық санасына жеткізеді...

...Сонда мен ойлаушы едім: ей, Құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп...

...Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ...

...Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды...

...Орысқа айтар сөз жоқ...

...Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?..

Абай – өз елінің төл тумасы. Ол өз елін де, өз жерін де мақтаныш тұтқан адам. Бұл ойға сенбейтіндерімізге айтарымыз олар Абайдың «Жазғұтұрым» атты өлеңінің әр сөзін, әр тынысын көкірек көзімен оқып қарасыншы. Бұл өлең Абайдың өзіне де ұнаған өлең екен. Қыз-келіншектердің сынқылдағаны, құлынтайдың бұлтылдағаны... даласы... өзен үні... даласын сүймеген, далалықтар қылығына сүйсінбеген жан сондай өлеңді жаза алар ма еді...

Абай – өз елін ерекше сүйіспеншілікпен жақсы көре алған кісі. Сондықтан да өз жұртының кемшіліктерін ұқыптылықпен іздестіріп, тізіп, жазып, айтып жүруді, жұрт аузына салып жарыққа шығаруды өз міндетім деп есептеген.

Абай өзіне соншалықты міндетті қалай жүктей алған?

Біздің пайымдауымызша, Абай өзінің данышпандық болмысын түсіне алған тұлға. Сондықтан да «қайран жұрты қазағының» жағымсыз қылықтарын аяусыз әшкере еткен кезде замандастарына жағымсыз кейіпте көрінуге қорықпаған, қазақ атына жағымсыз сөз айтуға арланбаған кемеңгер, сүйікті жұртының кейбір адамдарына жағымсыз көрінуге шыдап, мыңмен жалғыз күреске шыққан қазақтың таусоғар алыбы. Абайдың бұл қылығына өз замандастары түгілі, екі жүз жылға жуық уақыт өткенде, бүгінгі ұрпақтарының ішінде де риза еместері толып жатыр.

Енді бұл сөз туралы екінші ой...

Екінші сөздегі «біздің қазақ» деген сөз орнына Абайды оқып отырған кез-келген елдің ойшыл адамы өз жұртын ойлай отырып оқитыны сөзсіз.

Мысалы бір ағылшын жазушысы Абайды оқып отыр екен делік. Ол міндетті түрде жаман мінезді, жаман қылықты қазақты емес, жаман қылықты өз жұртын көз алдына елестетеді деп ойлаймыз... Адамдар бойындағы, өзі танитын ағылшын бойындағы әбес қылықтарды Абайдан оқыған ағылшын ойшылы Абайға риза болар еді. Қалай тауып айтқан, бұ кісілер бізде де толып жатыр емес пе дер еді.

Егер орыс ойшылы оқып отырған болса ойына бірден Гончаровтың Обломовы секілді өз қандастарын есіне түсірер еді деп ойлаймыз.

Екінші сөзде Абай өз қандастарының даңғой мінездерін, оғаш қылықтарын мысалға ала отырып, бұл сөзді адам пенделеріне жаны ашитындардың бәріне арнаған секілді.

Жанындай жақсы көрген «қайран жұртын, қазағын» Абай қандай қасиеттерімен көргісі келді?

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.

Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның.

Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаған соң, айтпа сөз.

Міне көрдіңіз бе, Абай сөзін кімге арнап отыр. Абай сөзін «бойда қайрат, ойда көзі» бар, асыл қасиетті адамдарға арнайды. Олары болмаса оларға сөз айтпа деп отыр емес пе?

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.

Сол ой үстінде, халқына не жетпей жатқанын аңғартып, ойлыларының намысын камшылау үшін жазылған ойлар деп есептейміз. Кейбір арзан ойлы айтқыштарымыз Абай қазақ халқын әлемге жаман етіп көрсетті деп, шамданғысы келеді. Біздің айтарымыз Абай қара сөзінде жазған асыл ойларын әлгіндей адамдарға арнамаған.

Абай сөздері тек қана ой түсінетін, ой толғай алатын жандарға арналады. Бұл сөзді жазғанда Абай:

«Есер-есірік болмасаң,

Тіршіліктен пайда жоқ» – деген сөзін арнаған адамдарды, рухани тірлікте шаруасы жоқ, мақсаты «ас ішіп, аяқ босату» қызметімен шектелетіндерді есепке алмаған...

Содан да болар, Абай менің сөздерім біреуге ұнамай қалады-ау, түсініксіз болады-ау деген ойлардан аулақ болған...

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,

Айтамын ештеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсынын
Жалғыз қалдым – тап шыным!

Абайдың атадан алпыс туса да, анадан қырық туса да жалғыз қалуы заңды құбылыс. Абай ойлы. Ол ағайын іздеп отырған жоқ. Ол ойын түсінер адам іздеп отыр. Сондықтан да оны жалғыздық шошытады.

«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ...» деп, адам пенделерінің күнделікті күйкі тіршілігін суреттей алады.

Абай өз жұртын қандай қасиеттерімен көргісі келеді? Бұл сұраққа жауап беру онай деп ойлаймыз.

Абай өз жұртының бойынан өзі санап шыққан қасиетсіз қылықтардан арылтқысы келді. Ол барлық сөзінде адал еңбек пен мал табуды, әлемдегі озық жұрттар жетістігінен үлгі алуды үгіттеуден жалықпады.

Үшінші сөзге саяхат

...Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғының, рас сөзі аз болатұғының, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғының себебі не?..

Абай осылай депті. Бұл сөздерді оқыған қазақ қандай күйде болмақ?

Қарындасқа қаны тартар кісінің намысы оянар, көңілін босатар, арлана көзге жас алдырар сөздер емес пе?

Абай солай дейді екен, қазақ не дейді? Қазақ не десін! Абай дұрыс айтады дейді. Абайдың солай дерін олар одан бұрын сезіп қойыпты.

Қазақ: «Дос жылатып айтады...» депті. Абай жылатып айтыпты. Халқының досы екенін дәлелдей түсіпті...

...“Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын”, “Өз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда, “Жеті Жарғысын” білмек керек” – деп, қазақ мемлекеттерінің жақсы заңдарының болғанын, үлгі аларлық азаматтарының өткенін ескертеді.

Бірақ сол жақсылар сөзінен, сол тәуір замандар заңынан бұ заман құлқына сәйкес келмей жатары болса, одан да сақтандырады.

«...ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып...» – түзету енгізу қажеттігін айтады.

Қазақпын дейтіндерді сонша тұқырта, жерге кіргізе даттарлық әлгі сөздер шыққан ауыздан, сол пәлелерден құтылу жолын, бағдарламасын да Абай өзі жасап беріп кетіпті.

Ұлы Абайдың қазақ жұртына ел болу, қазақтарға адам болу бағдарламасы (программасы) бір кітап та емес, бір тарау да емес, тіпті бір парақ бет те емес.



Бұл бағдарлама бар болғаны бір ауыз сөзге сыйдырылған. Абайдың данышпандық куәлігі де, академиктік дипломы да – осы бір ауыз сөз.

Бірінді, қазақ, бірің дос,
Көрмесен, істің бәрі бос...

Абайдың бүкіл адамзат ұрпақтарына да айтары – сол. Абай тек қана қазақты дос көр демейді. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп ақыл айтады.

Жаңа заманда жаңа қазақтар болу қажеттігін алдын ала болжайды.

Абай үшінші сөзіндегі әлгі қатал сөздерді жазғанда, Шыңғыс бөктеріндегі қолдан қолға ауып жататын жақсы жайлау мен қысқы қоныстармен қоса Троекуров пен Дубровский арасындағы дауды да ойға алып отырмады дейсің бе?..

Елін, халқын бар жанымен сүйе алған кісінің сөзі ғана осындай болатын болар... Абай да, Пушкин де өз елінің даңғойларын өлтіре сынаған. Тек қана бір айырмашылығы Пушкин жағымсыз кейіпкерлерін жеке кісілердің атағымен атаса Абай кісі орнына жағымсыз қылықтарды тұтас ұлт еншісіне берген. Үлкен философтарға Абайдың бұл әрекетін зерттей түсуге боларлық әдіс деп ойлаймыз. Әрине Абай бұл әдістің жанға ерекше батарын, қанды қыздыра түсерін сезінген.

Абай жалпы адам пенделерінің, әр түрлі ұлттардың барлығына да сәйкес кемшіліктерді тізіп отыр!.. Абайдың қазаққа теліген кеміс қасиеттерін әлем жазушылары өз ұлттарының бойынан тауып, әлдеқашан жазып тастаған. Мысалы орыс деген сөз айтылмағанмен бір мұжықтың екі генералды асырағандығы туралы әңгімеде генералдар болмысы қай ұлтқа да абырой әперер тұлға емес...

Абай сөздері тек қана қазақ баласына арналмаған, ол жалпы адам баласы ұрпақтары үшін жазылған деген ойды бұрын да айтқанбыз. Сол ойды осы саяхатымызда тағы да әлденеше рет қайталайтын болармыз.

Ұлы Абай ұлылығы жалпы адам үшін өте ауыр сөздермен адам пенделерінің бәрін ренжіткенше, тек қана өз жұртын өкпелетпек болған да болуы мүкін ғой...

Абай осы сөзден кейінгі келесі сөзінде (төртінші) «адам» деп бастап жалпы адам баласы туралы толғанысқа кетеді.

Төртінші сөзге саяхат

Төртінші сөздің арқалап тұрған жүгі өте ауыр. Бұл сөзде адам психологиясы мен ішкі дүниесі туралы, қайғы мен күлкі туралы ой қорытылады.

Әрбір байқаған адам білсе керек: Күлкі өзі бір мастык екенін... ...күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил (бейқам, салақ, алаңғасар) көп өткізіп отырса керек.

Абай, әрине шаттық күлкінің болатынын жокқа шығармайды, күлкінің қажеттігін түсінеді. Сондықтан да «үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен?» дейді.

Абай «күлкіге салынған кісі» дегенде, нені айтып отыр? Абайдың осы зерделеу еңбегіндегі басты сөз осы болса керек.

Абайды алаңдатып отырған жалпы жай күлкі емес.

Абайға арнайы сөз арнатып, ой ойлатып отырғандар: арзан күлкіні өмір мағынасы етіп алушылар; жалған қызықты өмір мұраты етіп тірлік етушілер; күлкісіне арамза ойды нәр етушілер...

Абайды алаңдататын – сондай «антұрған күлкі». Сондай күлкінің адамды, адамшылықты аздырар күлкі екені Абайға анық.

Орынсыз күлкінің бір сыңары – шарасыздық. Істің ыңғайын таба алмай уайым мен қайғыны жолдас ететіндерді де Абай «антұрғандар» деп қатты сөгеді.

Біреудің кемшілігіне күлетіндер де сол топта...

...Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірін аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Көпшілік осыны аңғармай өмірден өтеді де кетеді.

Төртінші сөз – ырқылдап өтірік күлетіндерді, сол өтірік күлкі арқасында басқалар көзіне көңілді, көпшіл, қылықты кісі боп көрінуге тырысатындарды да сақтандыруға тиіс. Өйткені кезкелген саналы жан күлкі болмысын түсініп тұрады. Өтірік күліп тұрсың ғой деп айтуға тәрбиесі жібермейді.

Абай біреудің жетістігіне қуана күлуді, рахат табуды уағыздайды.

Төртінші сөз өтірік күліп өзгеден дәметпе, еңбек ет, еңбек өз иесін жерге қаратпайды деп уағыз етеді.

Бесінші сөзге саяхат

Абай бесінші сөзінде әрекетсіздік пен талапсыздықты мойындатар, қулық пен айлаға алдандырар біраз қазақ мақалдарын іріктеп алып, сол сөздердің ел тәрбиесіне қаншалықты теріс әсерін тигізіп тұрғаны туралы ойлану қажеттігін дәлелдейді. Сол мақалдардағы айтылғандарды пайдасына асырмақ болып пайдаланатын кісілер туралы ашына толғайды. Осы мақалдарды сынау арқылы еңбек етуді (мал табуды) уағыздайды.

Абай қазақтың біраз мақалдарын тізіп келтіреді де, сол мақалдардағы сұрампаздық, қайыршылық сарындарын табады. Сол мақалдарды келтіре отырып, Абай өз өкінішін білдіреді. Абай өкініші осы мақалдарда қазақ «...тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін...» неге қам жемейді, қазақ мақалдары соларды іздеу жолында неге туындамайдыға соғады.

«Бұлардың жас баладан ақылының несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?» – дейді.

Абай бұл сөзінде адамдар қылығын зерделеу арқылы жаратылыс пен Жаратушы туралы пікірін аңғартқан. Абайдың Жаратушы Алла туралы, о дүние барлығы туралы ойлану қажеттігін, адамның әр іс-әрекеті, ойы мен сөзі бүгінгі күнгі ұят пен ертеңгі күнгі тозақ деген түсінікті есте ұстау керектігін түсіндіре алған.

Алтыншы сөзге саяхат

Абай қандастарының, бауырларының, жалпы айтқанда елінің адамгершілік қасиеттері мен ұяты мол болғанын арман еткен адам..

Абай бұл сөзінде «Өнер алды – бірлік, ырыс алды - тірлік» атты қазақ мақалының көлеңкелі жағына қатты шүйіледі. Абай түсінігінде бәрін ортаға салу бірлік емес.

...Ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ... Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал?

«Ырыс алды - тірлік» дейді, ол қай тірлік?..

Сөз түсінетін адамға «Жан итте де бар» деген қандай ауыр сөз!

Тек қана тірлікті қымбат санаудың адамның адамдық қасиеттерінен бездірер нәрсе екенін, адамдық принциптерден алшақтатар нәрсе екенін ескертеді.

...Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады.

Бұ заманда адамның әр іс-әрекетіне «ұят» деген кісілік көрсеткіші араласып, өз дауысын толық пайдаға асырушы, о заманда «тозақ» деген азап барын мойындап одан қорқа өмір сүруші Абай іздеген «толық адам» қасиеттерін бойына сіңірген адам болса керек.

Абайдың бұл сөзде марксизм мен коммунизм негіздерін жоққа шығара отырып, сана жоғары болу қажеттігін ескертеді.

Бұл сөзде адамдардың рухани бірлікке шақырар ортақ азығы болу қажеттілігі анықталады. Көкірегі тірі, көңілі ояу боп өмір сүруді уағыздайды.

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,

Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып... деген сөзді Абай тектен-тек ойдан шығарған жоқ. Ондай адамдар бұ заманда да жетерлік.

...Кеселді, жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың – пысық, ішің – нас,

Артын ойлап ұялмас, –

болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық...

Абайдың жағымсыз кейіпкерлері осындай тұрпатты адамдар. Қандай қорқынышты кісілер. Олар тек қана өзінің емес, басқалар өмірін ластауға да ұялмайтын адамдар.

Ең қорқыныштысы – солар қолына тиген билік. Әлгі қасиеттерімен ел басына жіберілетін «құрметті қайраткерлер», ішінің настығын байқатпай, пысықсынып ел сөзін сөйлегенсіп, алып қал, жұлып қал принципімен өз ісінің артын ойлап жатпай, адам мен табиғат сұранысы деген негізгі тірлік қағидаларынан аулақ өмір сүреді.

Әйтпесе тірімін деме, одан да өлімнің өзі артық деп, әлгіндей тірілерге өте ауыр салмақ артады

Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Надандық... Еріншектік... Залымдық,» дейді.

Абай білім-ғылымның жоқтығы адамдарды надан етеді, қор етеді дей келіп, оны хайуандыққа теңейді.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны.

Жетінші сөзге саяхат

Жетінші сөз – Абайдың жан туралы толғанысы. Адам жаны мен хайуан жаны туралы түсінік.

Бала жаны білімге құмар келеді.

Ересек болғанда неге сол баланың «білсем деген» құмарлық қасиетін сөндіріп аламыз?

Ол жанның тамағы еді.

Біз тән сұранысын қамдап жүріп, жан тамағы туралы неге ұмытамыз? Біз сұранып, ізденіп ғылым тапқандардан үлгі алып жан тамағын неге қамдамаймыз?

Бұл сөз кез-келген адамның, кез-келген мемлекеттің даму, жетілу бағдарламасы десе боларлық сөз.

...Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен қорған біздің хайуан малдан неміз артық?

Жанды тәнге билеткен жерде көкіректе сәуле сөнеді, көңілде сенім қалмайды дейді Абай данышпан.

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...

Жанды тәнге билеткен жерде жүректегі «жылы жүрек» атты нәрсе оянбай қалатынын қазіргі заман адамдары дәлелдеп берді. Бұл қасиет, әсіресе, билік пен байлыққа қолы жеткендер жүрегінен тезірек жоғалатын секілді.

...Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда...

Жанды тәнге билетіп, надандығымызды желсөзділікпен бүркемелегенде, жылы жүрек мұздайды, көкірек сәуле шашпайды, көңілде сенім қалмайды дейді данышпан Абай.

...Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. ...білсек екенбіз деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп тпласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

Сегізінші сөзге саяхат

Сегізінші сөз – ерекше қасиетті сөз!

Өйткені бұл сөздегі Абай сынаған кейіпкерлерді барлық заман адамдары «бұлар – дәл біздің замандастарымыз» дейтініне сенімім мол.

...Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді...

Абай бұ кісілер туралы тек қана қара сөздерінде емес, өлең сөздерімен де толғанған екен.

Ойға түстім толғандым,

Өз мінімді қолға алдым.

Мінезіме көз салдым,

Өзіме өзім жақпадым...

...Көрінгенге қызықтым,

Ғаділетті жүректің

Әділетін бұзыппын;

Ақыл менен білімнен

Әбден үміт үзіппін;

Айла менен амалды

Меруерттей тізіппін...

Өлеңдегі ой да, қара сөздегі ой да бір мақсатты.

Адам өміріне, қоғамға адамдық, ақыл, ғылым, білім секілді қасиеттердің берерін байлар бойына сіңіру үшін оқып, тоқып жатпайды. Өйткені байлар әлгілерді байлығымен сатып алады дейді.

Абай сөзін шындыққа шығарар бұ заманда мысалдары да жеткілікті.

Баста білімі болмаса да, сатып алған дипломы бар. О да өзін инженермін дей алады. Жүргізушінің куәлігі бар, бірақ машина жайын ұқпайды. Ел құрметі жоқ болса мейлі, сатып алған «құрметті азамат» атағы бар. Ел басқара алмаса несі бар, жауап берер орынбасары бар.

Абай кейіпкерлерінде ақылды кім үйренбейді, насихатты кім тындамайды? Алғашқылары болып болыс пен би аттары аталыпты. Солардың соңына ұры-залым мен сұм-сұрқия тіркеліпті.

«Қой жүнді қоңыршалар күнін көре алмай жүр. Білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ» деп назырқайды.

Тоғызыншы сөзге саяхат

Абайдың тоғызыншы сөзін оқығанда, адам пенделерінің қылығына бола өкініштен Абайға жаның ашып кетеді. Бұл жерде Абай кісілігі бұл сөздегі торығу сөздері жалпы жерді екі аяқпен басып жүрген, саналы адам, Алланың өз қолымен жаратқан пенделеріне деген өкпеден туған. Тек қана Абай адамдарды данышпандықпен, өз межесімен өлшеп, сонымен көргісі келеді. Абай дәрежесіне жете алмайтындар қалайша Абайша ойламақ?

Қалайша саналы тірліктен Абай өлшемімен өмір сүрмек?

Ол мүмкін емес...

Бірақ Абай адамдардан (тек қана қазақтардан емес) бұ жобасынан жоғарырақ тұғырда көргісі келеді.

Мен өзім тірі болсам да, анық тірі емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін.

Абай тек қана қазақ басындағы кемшіліктерді емес, жалпы адамзат басындағы келеңсіздіктерді түгел білген, таныған. Абайдың И. Крылов еңбектерін түгелге жуық аударуы, Ескендір патшаның көзіне құм құюы, Онегинді жүрегі сөнген адамды өз халқына танытуы соны аңғартады. Абайдың ащы сөздері тек қана қазақ халқының емес, жалпы адамзаттың еншісі. Адам пендесінің діни кітаптардағы, мектеп оқулықтарындағы, жазушылардың жағымды кейіпкеріндегі қылықтарды таба алмай торығуы.

Осы жол авторы да сондай бір толғану кезінде «Адамды Құдай жаратты дегенге сенейін десем, Құдайды аяймын, адам маймылдан жаралды дегенге сенейін десем, адамды аяймын.» деген екен...

Адамдардың адамға тек бет пішінімен емес, жан-дүниесімен де ұқсап тұрғанына не жетсін...

Абай ізденеді. Ол жақсы адамдардың қандай болатынын көрмек болып, шет елдер мен жат жұрттарға сапар да етпек болады.

Бірақ ол өзінің ерекше жаратылған ақылымен жалпы адамзат проблемалары барлық жерде бірдей екенін байқаған да болар.

Содан барып сол ойды түсінікті ету үшін өлер кезде: «...әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай аттана алады.

Абайдың барлық жазғаны, қайғысы, азап шектірері өзінің не Тобықтының қайғысы емес. Ол әлемдік дәрежеде ойлана отырып, толғанады. Қайғы-қасірет туралы сөз жазып отырып, өз басындағы батпандаған ауыр қайғыны есіне алмауы, сатқындық туралы ой толғап отырып, өзіне опасыздық еткен жандар туралы сөз кірістірмеуі... соның дәлелі...

Оныншы сөзге саяхат

Оныншы сөз – нағыз ұстаздар сөзі. Адамдар ұрпақ өсіруге міндетті, мүдделі. Құдай солай жаратқан.

Енді Абайдың оныншы сөзінен үзінділер алсақ:

...Біреулер Құдайдан бала тілейді...

...Тірлікте өзің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды?

...Қартайғанда асырасын десең, о да – бір бос сөз. Әуелі - өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма? Үшінші – малың болса, кім асырамайды?

...баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – о да екі талай.

...Хош, Құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе?

...Әуелі, балаңды өзің алдайсың.

Абай бұл еңбегінде ата-ананың балаға үйретер жаман қылықтарының бәрін теріп шығады.

Ата-анасы баласына біреу сені сатып кетеді деп, сенімсіздікке үйретеді дейді. Баланы не бір күнәһарлыққа үйрететінін, қу бол, сұм бол деп, тіпті біреулерді боқтатып, тентектікке үйретіп жүретіндер әдетін сынға алады.

Сондай ойлыларға бала не үшін қажеттігін түсінбейді.

Бала атаның жаны десек, мал – адамның тәні. Бұл сөзінде де екеуі қабаттала айтылады.

Құдайдан мал тілейді, бергенін алмайды деп сөгеді. Мал табу үшін деннің саулығын берді, сананың ақылын берді. Осыларды орнына жұмсап, адал еңбек ету қажеттігін кім мал таппайды, кім бай болмайды дейді.

Ал мал тапқандарға, бай болғандаға өкпесі бөлек. Малдың арқасында неге ғылым іздемейсің? Өзің болмасаң, сол малды жұмсап неге балаңа ғылым білдірмейсің?

Он бірінші сөзге саяхат

Бұл сөз – ұрлық пен бұзақылық туралы. Он бірінші сөзді оқып отырып, біздің заман мен Абай заманының айырмасы жоқ па деп қаласың.

Абай замандастарының аңқаулығы мен біздің заманның сайлаушыларында ешқандай айырма жоқ. Біз жай ғана сыпайы сыннайтын болсақ Абай батырыңқырап айтқан.

...Сонша ауыл-аймағыммен сойбылыңды соғайын, дайынды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, Құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр...

Абайды осындайлар қатты қиналтады. Егер олар жоқ болса, бай малын бағып, кедей жоғын іздеп талап пен тілеу үстінде бейбіт өмір сүрер ме еді дейді...

Ел осы екі бүліктер қылығымен әлкеке түспек. Солардың дауымен өмір сүрмек.

Азамаг анты мен сертінің, адам санасындағы адалдық атты қасиеттердің құнын сондай адамдар жоққа шығарып кете бермек пе?

Ұрыны да, бұзақыны да тыюға болар еді.

Соларға еретін байлар мен жоқ жерден байлық іздейтіндерді қалай таяуға болады? Бұл сұрақ шешімі табылмай келеді...

Абай, данышпан Абай сол сұраққа жауап таба алмайды...

Он екінші сөзге саяхат

Әлемдік тіршілік пен күнделікті тұрмыс мәселелері – Абай ойларының негізгі арқауы. Дегенмен Абай адам жанының рухани сұраныстарын да қағыс қалдырмаған. Жаратылыс барын, Жаратушы барын және оған құлшылық ету, ғибадатты болу қажеттілігін мақұлдаған.

Абай: «Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз» – деп, шүкіршілік қылғандай болады. Бірақ Абай жүрекке жетпеген ғибадат пен біреуге еліктеген ғибадатшылыққа қарсы. Бұл сөзінде Абай ғибадат қылу мен ғибадатты болудың арасын анықтауға, халыққа түсінік беруге тырысқандай. Ғибадатты болу, ғибадатты болғанда да жүрекпен сезіне орындау қажеттілігін баса айтады. Әйтпесе оның хаққа жол еместігін түсіндірмекке ниеттенеді. Абай бұл тақырыпқа өз өлеңдерінде де көңіл бөлген екен.

Алла деген – сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл,

Өзгесі хаққа жол емес.

Хаққа сену, жаратушыға табыну тек қана таза ынта арқылы, шынайы көңіл арқылы іске асыруды уағыздайды.

Абай: «Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласымен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды» – дейді.

Он үшінші сөзге саяхат

Он үшінші сөз мағынасына ой жүгірте отырып, біз Абайдың діни, адами болмысын байқағандай боламыз.

Абай имандылық жолындағы мұсылмандардың, адамгершілік жолындағы адамдардың өздері мойын ұсынған ақиқатына адалдығын талап етеді. Бұл қасиеттердің оңайлықпен жүрекке орнамасы белгілі. Бұл қасиеттер жүрекке махаббат болып егіліп, көңілге сенім болып орныққанша, қаншама уақыт шығындау керек, қаншама өмір сүру керек. Көргендерден қаншама тәлім, оқыған білім, естігеннен ғибрат алмақ керек. Абай сондай қасиетті жоғалтпау қажеттігін, әр адам өз ақиқатын қорғай білуін арман

етеді. Өлім қатері де сол жолдан айныта алмайтындай сенім мен наным керек екендігін ескертеді. Бұл барлық адал адамдардың, мұсылмандар ішіндегі сунилерінің ұстанымы.

Сенім – адам қасиетінің негізі. Абай «кылыш үстінде серт жоқ» деген қағидаға қарсы. Ол мақалдың мұсылмандар үшін, ақиқат жолындағы адамдар үшін жат қылық екенін ескертеді. Осындай мақалдардың жасанды мінезді, жалған қылықты жандарды өмірге әкелерін пайымдап, олардың «жүзі құрсын» деп, жазғырады.

Бұл сөзде тек қана сенімнің иман бола алмайтыны, иманды ұстап тұру үшін, білім мен ғылым қажеттілігі түсіндіріледі.

Он төртінші сөзге саяхат

Абай бұл сөзіндегі ой толғауын жүрек деген адам денесінің ең қадір тұтатын мүшесімен, жүректі кісі, батыр кісі деген адамзат ардақтысының іс әрекетін шендестіреді.

Адамдар бір-бірімен амал-айла арқылы қарым-қатынас жасаса, онда жүрек далада қалады. Ондай кісі жүрек қасиеттерін пайдаланбақ емес. Оларға жүрек сезім шаттығын сезінуге емес, тек қана қан айдап тұратын, дәрет шығарып тұратын бір дене мүшесіне айналып кетеді.

Жүрек сезіміне бой алдыра алмайтын жандар: ғашықтық, мейірбандық, кешірімшілдік, бауырмалдық секілді адамды адам түріне келтірер, ағайынды ағайын түріне енгізер қасиеттерден ада болмақ.

«Жүрекке бағынбай амал-айлаға бағынып кеткендер сол қасиеттерден айрылады, олар басқалардың азғыруы мен марапаттауына көнгіш болмақ,» – дейді Абай.

Бұндай адамдардың жалпы адам пенделерінде кездесіп тұратынын Абай білмеген жоқ. Білді. Сондықтан да Ескендір дастанындағы Ескендір патша образын әлгі қасиеттерден ада етіп сомдаған. Ескендір басқалар сезімімен санаспайды. Ол тұқымдастар тек қана өз басына абырой, өз атына атақ іздейді.

Абай сондайлар үшін төмендегі жолдарды жазған болар.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.

Қай қызығы татиды қу өмірдің

Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Абай осылайша толғана барып: «...Әйтпесе Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі, адам ба өзі?» – дейді.

Он бесінші сөзге саяхат

Абайдың осы сөзін, дәлірек айтсақ осы даналық ақылын әр ошақ басы шаңырақ астындағы бар балаға жаттатып, әр күні кешке

қарай баланың ата-анасы «Абайдың он бесінші қара сөзі не деуші еді?» деп сұрап отырса ғой, шіркін. Сонда жеті жасар жеткіншек: «Егерде есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзіңнен есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?» – деп тақылдап тұрса!..

Әрине, өмірдің қызығы көп. Талай адам басқаларға өз қызығын ұсынып жатады. Өмірді қызықтау барлық адамға тән қасиет. Бірақ бұ тірлікте ылғи басқа біреудің қызығын қызықтасқаннан гөрі өз тындырған шаруанды қызықтаған қызықтырақ екенін ескерткіміз келеді. Егер Сіз бір шаруаны өте жақсы тындыра алатын болсаңыз, онда сіз тек қана сол шаруамен айналысқаныңыз жөн. Сіздің шеберлікпен, махаббатпен тындырған сол шаруаныз өзіңізге де, басқаларға да қуаныш сыйлайтын болады.

«Өмірден өз орнын табу» деп осыны айтады.

Өмірге қызығу, өз қызығыңды басқаларға ұсыну, осыларды істей жүріп өзіңнен-өзің есеп алып отыру, міне Абай дананың бізге қалдырып отырған мұрасы, «өзі өлсе де, өлді деп есептетпейтін» сөзі. Абай:

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы – мұңға жуық.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең, үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Абайдың осы сөздері, өлең сөздері осы қарасөз жалғасы іспетті. Жас шағында өмір дегеніміз қызық пен ойын, сауық пен саран секілді. Сені ылықтырады. Егер ақыл жетіп өзінді-өзің тежемесең, есеп алмасаң онда өмірдің арты – суыққа, мұңға айналады екен.

«Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,» – дейді Абай. Абайдың айтып отырған махаббаты қай махаббат? Біздіңше өзіннің өмір мақсатыңды анықтап алып, сол жолда елге істемек қызметіңе деген махаббат. Сол ісіңе жақсы махаббатпен сүйсіне кірісенде ғана сен «көрге жақсы атақпен кіре аласың». Сонда ғана артыңда ісің менен сөзің қалмақ, сондай кісі өлсе де өлмегендей...

Абай махаббаты жөнінде ой саларлық тағы бір шумағын келтірейік:

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Он алтыншы сөзге саяхат

Он алтыншы сөз, Абай қара сөздерінің ішіндегі ең қысқасы екен. Бұл сөз әр пенденің Алла тағала алдындағы міндеті жөнінде. Адамдардың өз діні алдында (басқа тілді болған жағдайда) тілін жаттықтыруы қажеттігін, көп дінді ортада жүрсе дінін таза ұстауы, ойлануы, үйренуі қажеттігін естеріне түсіреді.

Абайдың өз оқушыларына меңзеп отырған тіл жаттықтыру, үйрену атты тапсырмалары бірден-ақ түсінікті секілді. Құран сөздерін дұрыс айту үшін, тіл жаттықтыру, түсініксіз сөздер мағынасын дұрыс түсіну үшін, арнайы жаттығуларды қажет етері сөзсіз.

Ал дінін таза ұстау, ол туралы ойлану тапсырмасының астарында не жатыр? Біз көп жағдайда бұл сөздерге мән бермей, Абай сөздерін көңілмен емес, көзбен оқып өте беретін секілдіміз. Абай солай боларын ерте байқаған. Дінді таза ұстау – бұл күнде барлық діндар адамдардың бас ауруына айналатын мәселе болғалы тұр. Арабстанда қанша мемлекет бар, біздер үшін дін тану жолында соншама жол бар болып шықты.

Әлем бойынша, мұсылман дінінің бір ортақ институты ашылып, сол орталық барлық мұсылман елдерінің ерекшеліктерін ескере отырып, барлық сұрақтар бойынша бір ортақ шешімдер мен тезистер шығарып, дінімізді, сол арқылы бәрімізді бір тұтас күшке айналдырар кез де туар. Үміг те ақталар.

Біздер, қазақстандық мұсылмандар, сол күнге дейін, барлық талас тудырып жататын дін тазалығы туралы сұрақтар бойынша шешімді еліміздің діни басқармасының ыңғайында шешкеніміз дұрыс болар еді деп ойлаймыз.

Нағыз діндарлар, қай дінде болғанына карамай, кісі қызыққандай таза жандар деп ойлаймыз. Адамға солар санасындай санамен, сондайлар сеніммен Жаратқанға құлшылық етуден асқан ләззатты нәрсе жоқ та болар.

Санасы мұсылман жанның Құдайға құлшылық ету сәті, бес уақыт намазы – өмірден ерекше өз үлесін алатын кезі.

Абайдың Құдайға құлшылық деген сөзін оқи отырып, менің өз санама ерекше әсер еткен бір оқиға түсіп отыр. Жасы тоқсан бестегі бір науқас қарт кісінің көңілін сұрауға бардым. Әлгі қарт: «Бүгін тәуірмін. Сайын, мені сүйемелдеп тұрғызып жіберші. Үш күн оқи алмадым, намазымды оқиын, сағынып қалдым ғой!» – деген еді.

Абайдың жалпы адам балаларынан Жаратқанға сенімі, қандастары мен қарындастары қазағынан талап етіп отырғаны осындай құлшылық.

Он жетінші сөзге саяхат

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.

Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Абай осылай деген екен бір өлеңінде. Татумен араздасуға, жақыныңмен жат боларға бұ тірліктің еш қызығы татымайтынын, тіршілік қызығы бірлікте екенін мысал арқылы түсіндіреді.

Абай қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтыстырады. Үшеуінің таласын тындап: «Қайрат, сенің адам баласына тигізер пайдаң да көп, залалың да соншалық. Ақыл, барлық адам жақсылықты да, жамандықты да ақылмен істейді. Егер таза ұстаса, ізгі қылықты болса, үлкеннен ұлтататын, кішіге рахым еткізетін, жақсылыққа сүйіндіретін – жүрек!» – дейді, үшеуінің дауларын шешуге сөз алған ғалым.

Біз Абайдың осы мысал аңызын оқып отырып түсінгеніміз – әр түрлі адамдар түгілі, бір адам басындағы қасиеттердің де бір-бірімен ниеттес бола бермейтіндігі.

Ғалым әлгілерге, үшеуің бір болып, ізгі ниетті жүрек айтқанына бағына өмір сүрсеңдер – өздеріңнің иелеріңді бақытты етесіңдер деген тұжырым жасайды.

Біздің қосымша айта кетеріміз, Сіздің ішкі дүниенізді мүмкін замандастарыңыз танымас, мойындамас. Сіз атақты бола алмауыңыз да мүмкін. Бірақ Сіз өзіңіз Абайдың адамшылық стандартына шақталып, қайратыңыз бен ақылыңызды ізгі жүрегіңізге бағындыра өмір сүріп, еңбек етсеңіз, ой ойлап, сөз сөйлесеңіз, өзіңізді өзіңіз іштей мақтап, «Мен Абай армандаған адамдаймын!» дей аласыз.

Абай адамдарды қандай түрде көргісі келеді, міне, он жетінші сөздің басты міндеті осыны анықтап беру болса керек. Ойшыл бабамыз дегеніне жеткен секілді.

Абай, қайраты мен ақылын ізгі жүрекке бағындыра жұмыс істеген адамды, басқаларға үлгі тұта: «Табанының топырағы көзге сүртерлік – қасиетті адам!» – деп баға береді.

Абайдың осы кара сөзіндегі асыл ойды ақыл таразысына салып қарасақ «қасиетті кісі» дәрежесіне жетуге әр кімнің де мүмкіншілігі бар секілді.

Он сегізінші сөзге саяхат

Абай бұл сөзін халық арасында «кербез» атын таратуға тырысатындарға арнапты. Өзіне табиғат бермеген сәнді қолдан жасамақ болып әлекке түсетіндерді, кедейлігін жасырып, бар болып көрінуге тырысатындарды сөз етеді. Бұл сөздер бар тірлігін отбасына, өз басына пайдалы еңбекке емес, әркімге еліктеуге тырысып, қор болатындарды ойлай отырып жазылған секілді.

...Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым дегеннің бәрі де – ақымақтық.

Бұл – Абай сөзі. Абай – ойы.

Орынсыз кербездікке құмарларды тек қана Абай емес, басқа адамдар да көрмей жүрген жоқ, көріп жүр. Бірақ олар «ақымақсың» деп айта алмайды, өйткені олар Абай емес.

Абай ғана айта алған. Абай солар үшін жаны күйгесін айтып отыр. Жаны күйген Алласын қарғардың кебі ғой...

Абай қара сөздері өлеңдерімен үндестік тауып толығып отырады:

Бір ғылымнан басқаның бәрі бекер асқанға,
Өйткен адам жолығар кешікпей-ақ тосқанға, – деп келетін өлең жолдары жоғарыдағы сөзімен толық қабысады.

Абай бұл сөзінде адамның ішкі жан дүниесін байытуға күш салады.

Он тоғызыншы сөзге саяхат

Қазақ халқының «есті адам» дейтін сөз тіркесі бар еді. Сол сөз тіркесінің мән-мағынасына біз Абайдың он тоғызыншы сөзін оқығаннан кейін, зейін қоя бастадық.

Абай адам пенделері тіршілікте болып жатырған жақсы нәрселерді ескеріп жүрсе, жаман нәрселерден сақтанып жүрсе, оқыса, тоқыса, білгені көп болады, білімді адам болады дейді.

«Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады,» – дейді Абай.

Естігендеріннен, көргендеріннен өзіне пайдалы ештеңе ала алмайтын болса, шыға беріп қайта қалпына келетін болса, Абай ондай кісілерден қатты торығады.

«Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзінді танитұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хаким айтқан екен, сол секілді сөз болады,» – депті, Абай.

Біздің ойымызша, Абайдың бір хаким деп отырғаны өзі болса керек.

Әйтпесе әлгі шошқа бағу туралы мысал сөзді біз басқалар еңбегінен кездестіре қоймаппыз.

Жиырманшы сөзге саяхат

Жиырманшы сөз адам бойында кездесер аса бір қауіпті, аса бір жағымсыз қасиетті талдауға арналған. Ол қасиет аты – жалығу.

...Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл аз ба, көп пе жалығады... Бұл сөзді Абай айтып отыр. Бірақ жалығудың өзі ақыл мен ойдың жемісі екенін ескертіп қояды.

Бұл сөзін Абай: «Бұлай болғанда ақымақтық, қайғысыздық та бір ғанибет (арабша олжа, табыс) екен деп ойлаймын,» – деп



Жиырма екінші сөзге саяхат

Біздің ойымызша, осы сөз Абайдың жалпы адам пенделерінің іс-әрекеттерін, пейіл-ниеттерін, санасы мен сапасын мұқият ой елегінен өткізіп барып түйіндеген ойы секілді. Адам адамдар қоғамында жүргесін қалай болғанда да бір кісімен, не ойлары бір бағыттағы қоғаммен ниеттес болуы, соларды қорғауы, соларға тілектес болуы заңды нәрсе. Адам солай жаратылған. Абай өз заманынынан, қоғамынан дұрыс адамды іздеген. Солардың қайсылары қадірлеуге лайықты, жақсы көруге тұрады деген мәселені шешпекке тырысады. Содан барын байлар мен мырзаларға, болыстар мен билерге, кедейлер мен ғарыптарға мінездеме жазып, олардың іс-әрекеттерін сипаттап шығады. Абай бұларға тілектес бола алмайды.

Көпшілігіміз неге жарлылар мен ғарыптарға тілекші болмасқа деріміз сөзсіз. Абай: «Ғарып-ғасар бейшараны құрметтейін десен, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те жай бар,» – деп оларға сенімсіздік білдіріпті.

«Бұрыс баққан дау бакпас» деген мақалменен боламын деп... момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым,» – деп, қортындылайды. Біз момын бай деген сөзді өзінің адал еңбегімен дәулет құрап, бай атағын алғандарды айтып отыр дейміз.

Абай бұл сөзінде жарлыдан көрі момын бай «дұрыс адам» моделіне (өзінің көкейіндегі) келіңкірейді дейтін секілді.

Абай түсінігінде кедейлік – кедейдің өз жалқаулығынан, өз талапсыздығынан, өз надандығынан.

Момын байдың дәулеті адал еңбектен құралған. Абай осы сөзін адал еңбекті марапаттау үшін жазған секілді.

Біреу Абайды байшыл дейді, біреу кедейшіл дейді.

Абай байшыл да емес, кедейшіл де емес.

Ол адамдардың (қазақтардың) адал еңбекке құмар болуын, кісілік қасиетті бойына жинауын, талапқа құмар болуын тілейді.

Абайға момын бай талапсыз жарлыдан әлдеқайда жақын.

Жиырма үшінші сөзге саяхат

Бұл сөзбен Абай адамның қуаныш пен жұбаныш сезімдерін әңгіме ету арқылы «тоқмейілу» деген тоқырауға түсіп қалмауды, оның жарамсыз қылық екенін, тоқмейілсіген адам ілгері ұмтылуды тоқтататынын түсіндіргісі келген секілді.

Қуаныш пен жұбаныш Абайдың өз басына да тән құбылыс екен.

Мысалға Тұрағұл естелігінде Абай: «Құдая, бергеніңе тәуба, мен мұсылман екенмін. Егер осы Есіркеп Тәкежанның қасында отырып, түйе сұратып жіберсе, бермей жібере алмас еді. Бұл түйе

бермегеніме Абай ашуланып ештеңе етпейді деп, менің жұмсақ мінезіме сеніп бермей отыр деп қуанып қалды»... (Жүрегімнің түбіне терең бойла. Алматы «Жазушы», 1995. 24 бет).

Есіркеп өзіне түйе бермей жіберсе, оған Абай қуанады, жұбанады.

Бәленшеден ілгері болдық, түгеншеден оздық делінентін қуаныштардың пайдалы нәрсе емес екенін ескерте келіп Абай: «... Оған Құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болды деп...» дейді.

Абай бірелерден емес бәрінен озық болуға шақырады.

«...Жақсыға салысып жақсы болады-дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?».

Абайдың өз сөзін оқитын ұрпақтарына айтпағы – осы.

...Қатардан қалмау, көппен көрген ұлы той... деп, жұбануды Абай ел үшін кемшілік қасиетке санайды.

Кейбір желсөзділер жақсы ойлы айтылған сөздерге қазақтың жеңіл астарлы сөздерін пайдаланып, арзан күлкі иелерін күлкіге батырса болды, шешенсініп, білгірсініп бір сәтке жұрт назарын өзіне аударғанына бола қуаныш пен жұбаныш тауып жатады.

«Аузың сасық екен, тазаласашы» деген қалыңдығына бір жаман күйеу «тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді» деп, тек қана өзінің емес, тұқымының да келісіп тұрмағанын паш етеді. Маскара етеді. Соны бір ақымақ елге әңгіме етіп айтады, соған мың ақымақ күледі.

Абай: «...Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілін сол сөзі разы қылуға жетіп пе? Ендеше көбіңнен қалма, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?» деп ызаланады.

Төмендегі сөздерді Абай жаны кинала, әлгі жаман күйеудің надандығын сезе, аузының сасығын жұта отырып, жазған болар деп ойлаймыз...

...Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет (даналық, ақылдылық, ойшыл) көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетін кісінің керегі жоқ па екен?.. Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма?..

Жиырма төртінші сөзге саяхат

Абай заманында жер бетіндегі әрбір мың адамның бірі қазақ екен. Біздің заманымызда жер бетіндегі әрбір үш жүз адамның бірі қазақ.

Абай сол заманда кейбір елдерде үш миллион халық тұратын қалалар бар, дүниені үш айналып көріп, танысып шыққан адамдар бар. Қазақ сол дәрежеге жете алар ма екен деп уайым етеді. Қазақтар қашан өнер мен малды түзден түзу жолмен іздейтін күнді арман етеді.

Әй, не болсын!.. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр
ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?

Абай бұл сөзінде өз замандастарының бірін-бірі күндеуі, андысуы, жауласуы, ұрласуы жер жүзіндегі жұрттың қоры болғандықтан, істеп отырсындар деп ширықтырады. Абай әлгіндей адамдардың басқа елдерде де барын, олардың да елдеріне жақпас әрекеттері бар екенін білмеді деймісің? Бұрын да бір рет айтқанбыз, тағы бір қайталайық, «дос жылатып айтадының» дәл өзі.

Жеңіл ойлайтын кейбір қазақтар, әсіресе, шет елдерде оқып, шет ел азаматтарымен көбірек араласатындар Абай әлемге қазақты жаман етіп танытты деп ренжиді.

Олар Абай ойларын толық өз болмысына сіңіруге тырыспай, Абайдың қазақ халқының ары мен зарының жоқтаушысы екенін мойындай алмай қара сөздердің әріптеріне мән беріп, кәдімгідей тулап жатады.

Осы сөздерді жазарда Абай, алдымен, қатты ойланып алған секілді. Жалпы адам баласының жер басып тіршілік етіп жүруі үшін, тіршілікті саналы, сапалы өткізуі үшін, адам пенделеріне не керек екенін түгендеп шықпақ болған болар.

Содан кейін екінші сөзінде Абай қазақтарды басқалармен салыстырып алады. Кемшілігін көзіне шұқып тұрып көрсетеді. Арына тиеді. Үшінші сөзінде арызшылсың деп бетін қызартса, төртінші сөзінде күлегешің деп келемеш етеді. Бесінші сөз қазақтың кейбір мақалдарын сынауға арналса, алтыншы сөз – қазақ жалқауларының еншісі.

Қалған сөздерінде де қазақ халқының мінезі осылай, құлқы осылай деп қатты сынға ала отырып, тұтас саналы адамзат бойындағы бар кемшіліктерді теріп шығады.

Барлық сөздерінің арқауындай ортақ түйін бар, тұтас желі бар, ол – қазақтардың (адамдардың) жаны мен тәнінің сұранысы, рухының таза болуы. Абай қазақтардың (адамдардың) арына тие сөйлеп, амалсыз ойландырмақ болған секілді.

Абай сегізінші сөзін ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды деп бастаса, келесі сөзін: «Осы мен өзім – қазақып. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді...» – деп, оқушысын өзіне қаратып алады. Содан кейін Абай өз қандастарының қылығынан түңілген, өмірден баз кешкен адам ойын айтады, Тіпті «артқа алаң болмай өлуге» деуге дейін барады.

Абай өлеңдерін де, қара сөздерін де арттағы ұрпақтарына үлгі үшін жазған. Ол өз басының пенделік сұранысын емес, ұлы жаратылыс жаратқан ұлы пенделерде ғана болатын адамдық борышын өтеген.

Әйтпесе, Абай өле-өлгенінше тіршілік шаруасынан баз кешкен жоқ. Оқу керектігін, басқа елдерден үйрену керектігін тек қана айттып қойған жоқ, іске де асырды. Шәкәрімнің сол мақсатқа өмірін арнауын міндет етті.

Оныншы сөз адамдарға бала мен мал не үшін қажет деген ойға жетелейді. Он бірінші сөзде ұры мен бұзақыны сөз етеді. Он екінші, он үшінші сөздер ғибадат пен иман туралы. Он төртінші сөз кімді жүректі, батыр деп тануға болатындығы туралы нұсқау секілді.

Келесі сөздерде ақылды кісі мен ақылсыз кісі туралы ойла-нып, Құдайға құлшылық етудегі салғырттық туралы да ескерту жасайды.

Он жетінші сөз мысал арқылы өмірді қалай сүруге болатындығы туралы ереже.

Он сегізінші сөзде кербездік туралы әңгіме етілсе, он тоғызыншыда – адам есі, жиырмасыншыда – ойсыздық, жиырма біріншіде – мақтан, жиырма екіншіде – кісі қадірі, жиырма үшіншіде – қуаныш пен жұбаныш сезімдері туралы әңгіме етіледі.

Барлығын бірдей тізіп көрсетпей-ақ қоялық, өрмектің жүзін аударды, қалғанын қажет етсе оқышы өзі қарап шығар. Қайталап айталық, Абай осы қара сөздері арқылы «қазақ» дей отырып, бүкіл адамзат қажетін өтерліктей, олардың жаны мен тәнін риза етерліктей, рухын асқақтатарлықтай дәрежеге жеткізген. Тек қана әрпіне қарап ызасыз оқу қажеттігін, терең ойды, мұхит түбінде жатқан маржандарды көре білу қажет секілді. Әрине, барлық оқушы олай бола алмас. Болмаса қайтеміз. Абайдың өзі айтқандай, өз сөзі өзінікі.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Досыңа достық – қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.

Жиырма бесінші сөзге саяхат

Бұл еңбегінде Абай тағы да бір рет адамдарға мал табу қажеттігін (еңбек ету қажеттігін), малдың аздығы (ақша мен ішіп-жемнің, мал мен дүниенің) адам баласының бойындағы барлық жаман қасиеттердің оянуына септігін тигізетіндігін баса көрсетеді.

Мал тап. Малыңда балаңның өнер, ғылым үйренуіне жұмса дейді.

...Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?

Кісіліктің, адам атанудың стандарты, бағдарламасы. Бұдан тұжырымды етіп ешкім де айта алмас.

Бұл сөзінде де Абай қазақтың арына тиіп, «бір ит қазақ» деген сөзді қыстырып та қояды.

Әлемдік азамат болу үшін, толық адам дәрежесіне жету үшін шет ел тілін білу қажеттігін, озық елдердің өнері мен үлгісін үйрену қажеттігін түсіндіре білген.

Білімді кісі білімнің тек қана өз басына емес ел бақытын аша-тындай білім болуын армандайды. «Баламды медресеге біл деп бердім» деп, бала білімінің ел пайдасына, халық қамына жарар ма екен екен деген үміт те болады.

Білім алғанда, өнер үйренгенде: «...Біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» – деп, ақыл айтады.

Бұл сөздегі Абай тұжырымдары сол кезде елге өте қажет ақыл болатын.

Әйтпесе, байларға өкімет балаңды оқыт деп салық салғанда, баласын «аяп» орнына кедей баласын орыс оқуына жіберіп қорлағандай болған надандық заманда Абайдың бұл сөздері нағыз елді ел етер ақыл болатын.

Кім білген, біраз сол заманда оқу, білім алғандар бастауы осы сөзден нәр алып жатпағанына?

Алаш азаматтарының сол заманда Абайды қазақтың бас ақыны деп мойындауына әсер етіп жатпасына кім кепіл?

Жиырма алтыншы сөзге саяхат

Жиырма алтыншы сөз оқушыларына озып келген жылқының шабысы үшін тымағын аспанға лақтырып мақтану, жығылып қалған жігіттің айласы аздығы үшін жерге кірердей намыстанып, кіріп кетер жер тесігін іздейтіндей намыстану надандық пен ақымақтықтың әсері деген түсінік туғызады.

Ау, ағайын! Озып жатқан да, жығып жатқан да бір қазақтың аты мен жігіті емес пе!

Абай осындай түсінікті сағынады.

Өз жұртыңнан жау іздеме, өз аулыңнан дау іздеме деген қағиданы алға тұтады. Сол қағида пайдасын жұрт арасынан таба алмаған кезде Абай: «Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек. Біреуді ызаландырмақ – шарифатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп қуанады екен?» – деп таң қалады.

Абай солай дейді.

Осыларын айтсаң ел де «рас, рас» дейтін көрінеді.

Бірақ ақылы арқылы сана сүзгісінен өткізер біреуі жоқ, және сол істерінің терістігін біле тұра, өкініп те жатпайды.

Абай заманындағы бұл келеңсіздік, тіпті одан да әріректе көпшілік қылығынан орын алған бұл дертті біздің заманымыз жоқ етті деп, біз де мақтана алмайтын секілдіміз.

Біреуді ызаландырмақтың шарифатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс екенін бұ заманда білмейтін адам жоқ. Бірақ соны

түзетпекке еңбек ету, ел болып қам жасау шаралары жетіспей жатады.

Бұл шаруа мемлекеттік тұрғыда үгіттеліп, шара қолдану арқылы, ұлттық, мемлекеттік рухани ұран етіліп, ұзақ жылдар бойы «баланы бесіктен» дегендей, тәрбие нәтижесімен жетуге болар. Әйтпесе, қай рудың баласы іс басында, сол ауылдың итінін құйрығы жоғары болатындай түсінікпен қазақтар әлі де талай Абайын жылатар, Абай данасын көрінде аунатар.

Демек, бұл істердегі ұлт бойындағы кемшілік қасиеттерді біз жалпы көпшілік санасының төмендігіне аударып салу үрдісіне, сол арқылы өзін ақылды етіп көрсететіндер білгірлігіне қосыла алмайтын секілдіміз. Мәселе жеке адамдарда емес, оларға серкелік қызмет етіп жүрген басшыларда деп ойлаймыз. Нөлдерді санға айналдырар, елді бастап жүрген «единица» атты тұлғалар қатесі деп түсінеміз. Солай болар, асылы.

Жүйрік атты сатып алып, тартып алып, ұрлап алып өз аулының атағынан қоспаса, төбет таласына түрікпеннің алабайын алып келіп, ананың бөрібасарын қан-жоса жасамаса, қайта ел ішінен жүйріктерді таңдап, баптап, берісі алты алашқа, арысы әлем жарыстарында жұлқындырса... мүмкін, ел санасы да Абай атаның көз жасын көл етуге итермелемес еді.

Жиырма жетінші сөзге саяхат

Осы саяхат сапарымызда біз Абай бұ сөзді жазарда не ойлады, осы сөз арқылы елге не айтқысы келді, деген сұрақтарға жауап іздеуді оқушылардың өздеріне тапсырғалы отырмыз.

Біз бұл сапарымызды Абайдың өзі туралы аз ғана ой толғауға арнасақ деп отырмыз.

«Абай кім еді?» – деп сұрайды біреулер.

«Абай данышпан еді!» – деп жауап қайтарады екінші біреулер.

Үшінші біреулер: «Абай ауыл адамы еді. Білігі әлемдік деңгейдегі даналыққа, ой өресі данышпандыққа қалай жетті?» – деп сенімсіздік білдіреді.

Біз осы сұрақтарға жауап тауып берерлік Абайдың осы сөзіндегі сөйлемдерінен үзінді келтірелік.

Бір күні Сократ хакім бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне:

– Әй, Аристодим, өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты адам бар ма? – деді.

– Гомерге бәйітшілігі себепті, Сокофілге трагедиясы себепті, яғни біреудің сыйпатына түспектік, Зевсиске суретшілігі себепті...

Біз осы екі ауыз сөз арқылы Абайдың жер шарын он айналып келерлік білімі болғанына көз жеткізіп отырмыз. Әлгідей сұрақ қойып сенімсіздік білдірушілер Гомер мен Сократ туралы, Аристотель мен Ескендір туралы оқыды ма екен, оқымаса, естіді ме екен?

Осыған қоса, біз өз басымыздан өткен бір әңгімені әңгімелеп берсек, о да біздің әлгі сөзімізге септігін тигізуі мүмкін.

Біз бір жолы (біздің «Абай-Шәкәрім» кесенесін тұрғызып жүрген кезіміз болатын) Семей қаласының бір тұрғынымен сөзге келісіп қалдық.

«Қарауылдан қырық қадам ұзап шықпаған Абай, қалайша әлемдік дәрежедегі данышпан бола қалады?» – дейді әлгі семейлік.

«Ньютон деген оқымысты жердің тартылу күші туралы заңын шығару үшін, айға барып тәжірибе жасап қайтып па? Данышпанның данышпандығы – сол, көргенінен қорытынды шығарады» – дейміз біз.

Абай ауылда өскенмен бүкіл әлемдік қозғалыстар мен жаратылыстар туралы, әлемдік оқиғалар мен оқымыстылар туралы хабардар болған кісі.

Ескі заман ғұламалары туралы ой толғап жүрген Абай, өзінен сәл ілгеріде өткен орыс ғұламаларының бәрін оқыған, біразын аударған.

А. Пушкин, М. Лермонтов, И. Крылов секілді даналарды ерекше құрметтеген.

Шығыс даналарына еліктеп бала күнінен өлеңдер жазған.

Өмірінде орыс көрмей орыс тілін игерген, парсы, араб тілдерін жазба еңбектерінде қолданған, мемлекет басқару, заң пәндерін оқымай-ақ қазақ халқын басқару жөнінде негізгі заң сұлбасын жасауға дейін білімі жеткен...

Тапқырлық, шешендік сөздері қаншама.

Біз осы саяхатымызды Абайдың бір ауыз сөзімен аяқтағалы отырмыз...

...Бұ кітапханаға түйе кірсе несі бар, бұнда есек те отырыпты ғой...

Жиырма сегізінші сөзге саяхат

Абай сөздеріне ой жүгірткенде бізді қинаған сөздердің бірі осы жиырма сегізінші сөз болды.

Осы сөзді оқи отырып, біз сүрген өмірімізде талай рет: «Не жазығым бар еді?» – деп еңіреген әйелдерді көп көріп едік.

Бір үйден бес адам соғысқа кетіп, әкелері мен балалары түгел қайтпай қалғанды да көргенбіз.

Бір түнде қара орманы өртке шалынып, өрт ішінде қалған балалары мен шешесін құтқара алмай зар жылаған азаматты да құлағымыз шалған.

Ұрлықпен байып, байлықпен мансапты болғандар қаншама...

Жазықсыз жала жабылып, біреудің қылмысы үшін жапа шегіп отырғандар қаншама...

Анасы мен әкесінің ақымақтығынан тұл жетім боп өсіп жатырған бөбектер қаншама...

Осыларды көре жүре, соларға адам жаны ауырғанда өзінен-өзі «ау, бұл қалай?» – деген сұрақ аузыңнан еріксіз жалын болып, атып шығады екен.

Әлде барлық адамдарға көрсетілер жақсылық пен жамандықтың шамасына әлемдегі пенделер бойындағы адамшылық қасиеттердің, жеке адамдардың кісілік пиғылының, бәріміздің табиғатқа, адамдарға деген сүйіспеншілігіміздің шамасы әсер етеді ме екен? Бізде, адамдарда, әлгілер тым азайып бара ма?

Содан барып жақсылық жобасы да шектеле ме?

Жауабы жоқ сұрақтардың бірі секілді.

Абай да бұл құбылыстарды адами, діни тілмен түсіндіргісі келмеген секілді. Көптеген табиғи, адами теңсіздіктерді тізіп келіп: «Жақсылық, жамандықты жаратқан – Құдай, бірақ қылдырған Құдай емес, ауруды жаратқан – Құдай, ауыртқан Құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – Құдай, бай қылған, кедей қылған Құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе жоқ» – депті.

Мүмкін, бұл сұрақты Абайдың:

Ел бұзылса құрады шайтан өрнек,

Періште төменшіктеп, қайғы жемек – дейтін жолдарынан іздеу қажет пе?

Ел пиғылы бұзылып, көпшілік жаппай шайтан соңына ерген шақта, Абай сөзімен айтқанда, «шайтан өрнек құрған шақта», періштеден күш кетіп, әлгі сыйлықтар (жамандықтар) адамдарға қалай болса, солай таратыла бере ме екен?

Жиырма тоғызыншы сөзге саяхат

Абай осы сөзінде біраз адамдарды, әйтеуір тіршілік ету, әйтеуір ауызға бірдеңе тауып салу жолында жүретіндерді, сол тіршілік, сол жұтқын үшін арысздыққа дейін баратындарды, өз сөзімен айтқанда, «антұрғандар» атты арысздарды қатты сынға алады. Антұрғандар қылығын заңдандырып берерлік, арысздар ісін ақтап берерлік мақалдар шығарып берген аталарына да қатты шүйлігеді.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяды» – дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны».

Абайдың осы сөзді жазғандағы жан айқайы, ашу-ызасы, мақал шығарған кісіге айтылмай қалған назасы менің көкірегімде сайрап тұрған секілді.

«Ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті» деген де мақал бар екен.

Ата-анадан тәтті көретін сол антұрғанның не оңған жаны бар еді. Ата-анасын малға сатпақ болған арысз-ай» деп жаны қиналады Абайдың.

Ата-ана не жиса да балама қалсын демей ме?

Осындай білместікпен айтылған сөздерге бек сақ болу керек.

Абайдың айтпағы да осы болатын. Атадан қалған сөздің бәрі бағалы деп қателеспеу қажеттігін ескертеді.

Абай туысынан сыншы. Барлық өмірге сын көзімен қараған, сергек жан. Сондықтан амалсыз сықақшы.

Абайдың аудармаларына зер салып қарасақ, ол И. Крылов еңбектерін қазақшалауға көп еңбек еткен.

Абай бір өлеңінде:

Арсыз болмай атақ жоқ,

Алдамшы болмай бақ қайда? – деп, кейбір адамдардың атақты болу жолында ар сатуға дейін баратынын, бақ пен тақ жолында алдау мен арбау жасай алатынын ескерткен еді.

Бұрынғы замандарда қазақтың мақал-мәтелдері қазақ адамы үшін қазіргі заман заңының бір тармағы секілді қабылданатын.

Даулы мәселе бойынша айтысып жатқандар дәл уақытын тауып, дер кезінде, орнына қойып айта алған өткір сөз, тура мақал, қанатты сөздер дауласушы жағына тосқауыл бола алатын. Абайдың мақалдар мен мәтелдерге ерекше назар бөлуі де сондықтан болар.

Мақалдар мен мәтел сөздерде ерекше қуат бар, өйткені халық даналығы сондай сөздер арқылы түйінделеді.

Отызыншы сөзге саяхат

«Ұялмас бетке талмас жақ береді деп, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі-дағы» деген тұжырыммен аяқтапты, Абай отызыншы сөзін.

Біз осы сөздерді оқып отырып, жалпы адам баласы көп өзгере қоймайды екен-ау деген ойға келдік.

Бар ғұмырында қолына балға алып, бір шеге қақпаған, көп пайдасына асар бір ауыз сөзі болмаған, көпшілік басын қосар бір өнері болмаған, бірақ жұрт жиналса болды, қайыртпай сөйлеп, айыртпай төбелесіп жүретіндер әлі бар.

Бар кемшіліктен ақтала, бар қасиетімен мақтана бөседі дейсің.

Әлемді ұстап тұрған соның ақылы, билеп тұрған соның жақыны, өзі бар адамның батыры, руы мен жұрты елдің тақылы.

Абайды кем тұтқан Абай замандастары өлмей, осы заманға шетінен тірі жеткендей. Әлде Абай солар мінезі мен болмысын дәл суреттеп бергесін, өз замандастарымыз бен Абай замандастарын айыра алмай қаламыз ба екен? Өздері көп секілді.

Тіпті көбейе түспесін...

Отыз бірінші сөзге саяхат

...Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде, я көргенде, фибрэтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.

Біз Абайдың отыз бірінші сөзін бір әрпін қалдырмай көшіріп алмаққа ниеттендік.

Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

«Құйма құлақ» болу Абай талабы бойынша онай шаруа емес секілді. Көкірегі байлаулы берік болу деген сөз – өзінді не бір талапқа, не бір ғылымға, не бір өнерге бағыттауың керек деген сөз болар. Өзінді байлай алсаң, өзіңе қажетті деректі, әлгі өзінді-өзің байлаған нәрсеге қажетті деректі ұмытам десең де ұмыта алмайтын боларсың. Себебі сен оны іздеп жүрдің ғой. Содан барып естіген бойда «апырым-ай бұл солай екен-ау» деп сезімдене қалдың. Абай сол кезде сол деректі ойша екі-үш рет қайталап қой, содан соң (төртіншісі) – сол мезетте ой кеселдерінен аулақ бол дейді.

Ой кеселдерін Абай тізіп жазып кетіпті. Бұлар ақыл мен ғылымды ілгері бастырмайтын, барын тоздыратын қылықтар екен.

Уайымсыз салғырттық деген не?

Ойыншыл-күлкішіл деп кімдерді айтамыз?

Қайғыға берілген жан қандай болады?

Құмарпаздар кімдер?

Бұл Абай айтып кеткен кеселдер құпиясын түсіну үшін күнде естіп жүрген бірнеше тұрмыстық мақал, мәтелдерді, қямпорыс сөз тізбектерінің бір-жарын еске сала кетелік, қалғандарын өздерің жалғастырып ала саларсыздар...

...Құдайдың күні көп қой, несіне жанталасасың..

...Ертең де күн бар емес пе...

Отыз екінші сөзге саяхат

Отыз екінші сөзде Абай абзал ойларының үшеуін, Абай өлеңдерінде кездесер асыл ойлар үшеуін осы өзіміз «талап» деп ат қойған осы сөзімізде келтірмек болдық.

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі.

Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.

Ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын!

Өзі білгісі келіп, сағына жүріп кездесіп, шын мейірлене оқып үйренбесе адам осындай сөзді жаза алар ма еді!

Абай не үшін ізденді? Іздеп тапқанын кім пайдасына асырмақ болды? Абай осындай адал еңбегін, асыл ойларын қайран жұрты қазағына арнамай кімге арнай алады...

Бала күнімізде өрістен қайтқан «Қарамая» дейтін түйеміздің алдынан шығатынбыз. Күні бойы дала нәрін жинаған жарықтық ботасын сағынып, мейірлене боздап келе жатушы еді. Ботасы бауы-

рына жақындамай-ақ баласына деген сағыныш махаббатына иіп жүре беруші еді. Төрт емшектен сүт тамшылай бастайтын.

Абай да сол. Қайран жұрты қазағын біраз сынап-мінеп алып, бойындағы бар махаббатын, сезімін осылайша ақтарады.

Абайдың өзіне жанынан жақын көретін қазағы болмаса, осы сөздердің бірі де жазылмаған болар еді.

Абай бойындағы барлық қуатты, барлық білімді, барлық қасиетті ойлар мен сезімдерді идіріп асыл сөздерге айналдыратын Абайдың өз жұртына, адам баласына деген махаббаты болатын.

Единица – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.
Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де – бір кірпіш, дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Отыз үшінші сөзге саяхат

...Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі – сол.

Өзіміз қолөнерге сүйенген жан болғандықтан ба, Абайдың бұл сөзі біздің жанымызға бал болып жағып, май болып жұғып тұр. Әрине, біз әулиелікке таласа қоймаспыз, бірақ Абайдың қолөнерлі кісіні қоғамның ең бір пайдалы адам екендігіне жұрт көзін жеткізіп кеткені қандай ғанибет болған. Әйтпесе бірнеше жылдар бойы алақаныңның қаныменен, маңдайыңның теріменен салып шыққан, өмірге келтірген нәрселерінді көлденең көк атты кие жарып: «Мен салдым, мен салғыздым» деп тұратынын қайтерсің.

Бірақ «Құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады,» – депті Абай.

Қолөнерлі жандарға Абай бірнеше ақыл-кеңес жазып қалдырады:

Әуелі қолөнерлі жан бойда барға қанағат етіп қалмай ізденіп, үйреніп, ұдайы өзін-өзі жетілдіруге тырысқанының дұрыстығын;

Екінші ерінбей еңбек етіп, өнері мен тапқанына бола кербездікке салынып кетпеуді;

Қулардың мақтағанына бой алдырмауды;

Өнерлі жанына тамыршыл боп жинала бастайтын шайтан-дардан бойды аулақ ұстауды тапсырады.

Абай да өз өмірін бірден білікті болып бастаған жоқ болар. Әуелі бала болды. Балалық қылықтарын бастан өткізді. Соңынан ағалары мен әке сөзіне иланды, солардың істеткенін істеді. Сөйлеткенін сөйледі. Ол кезде істеген шаруаларының бәрі Абай басына сауап болып құйылып жатты десек, онда біз өмірді танымайтындар, зерделей алмайтындар қатарына қосылар едік.

Білік басында жүрген адамға ары мен адамшылығын өне бойы таза сақтап жүру қиынға соғатын секілді. Абай да Құнанбайдың, Ырғызбай ұрпақтарының шындығымен, көзқарасымен тіршілік талқысына талай рет түсті. Өмірдің сауабын да жинаған болар, күнәсін де арқалаған болар.

Ержеткенде, Абай аты шығып, танымал болған шақта, «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкінген шақта өз білімімен, өмірге өз танымымен араласты. Әрине, бұл сөздер сол шақта жазылған болар.

Абай осы сөзді жазғалы отырғанда, және бұл сөзі бұ дүниелік емес о дүниелік, адам пендесіне жұмбақ нәрсе болса, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, Алланың ақиқаттығына сенген кісі өткен өмірін еске ала, өзінен де есеп ала отырған болар.

Көз алдынан қандай жағдайда қандай шешім қабылдады, бәрі сайрап өтпеді дейсің бе...

Сол кезде, даналық, кемеңгерлік жасқа жеткенде, өзіне қай ісі қалай көрінді екен?

Өкініші көп болды ма, шүкіршілігі көп болды ма?

Бұ күн бір күндерде бәріміздің де басымызға түседі.

Сол күні, өзіңе өзің есеп берген сәтте, о дүниеге онша қорықпай аттана алсақ, шіркін...

Отыз алтыншы сөзге саяхат

Абайдың: «кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ» деген сөзін оқыған кезде қатты шошынып қалдым.

Әрине, алдымен өзінді ойлайсың. Ұятсыздар қатарына өзінді қоса алмайсың. Сосын өз замандастарыңның біразын еске алады екенсің. Солардың кейбіреуі туралы ойланып, тап сол адамда ұят бар ма еді, жоқ па еді деп, жауап таба алмай сасалды екенсің.

Абай ұят деген сезімді екі түрлі болады дейді.

Дұрыс адам, ұятты адам, мысалы, Абайдың толық адамы біреудің не шарифатқа, не адамшылыққа, не ақылға теріс ісін көріп далада тұрып әлгінің қылығына басқалардан ұялып тұрады екен.

Екінші ұят түрі де сондай қылықтарды өзің істеп алып, өзінді өзің жерлеп, өзіңе өзің жаза тартқызатын болсаң керек..

Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылдығы, иттігінді өз мойнына салып, сөгіс қылған қысымның аты» – депті.

Ұят деген сезім оянып кетіп, сені өз қатен түгіл өзгенін кемшілігі үшін ұялатын болса сен кімсің?

Жетім мен жесірдің қақын жеп, ауру мен әлсіздің үлесін

ұрлап, байлығын арттырып жатса, ол кім? Олар жүрегінде туа біткен ұят сезімі болды ма екен? Болса, қайда кетті?

Бұл сұрақтарға өмір бойы жауап іздеп өту қажет болар.

Отыз жетінші сөзге саяхат

Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.

Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.

Кісіге адамына қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

Әкесінің баласы – адамның дұшпаны

Адамның баласы – бауырын.

Ер артық сұраса да азға разы болады.

Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хаюанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың

Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.

Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.

Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шықпайды? Соңғыға кім азбайды?

Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ.

Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір-ақ кісі к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

Егер ісім өңсін десең, ретін тап.

16. Биік мансап – биік жартас,

Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,

Екпіндеп ұшып қыран да шығады.

17. Дүние – үлкен көл,

Заман – соққан жел,

Алдыңғы толқын – ағалар,

Артқы толқын – інілер,

Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

18. Бақпен асқан патшадан
Мимен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.

19. Тоқ тіленші – адам сайтаны,
Харекетсіз – сопы монтаны.

20. Жаман дос – көлеңке:
Басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса, іздеп таба алмайсың.

21. Досы жоқпен сырлас, досы көпшен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол.

22. Қайратсыз ашу – тұл,
Тұрлаусыз ғашық – тұл,
Шәкіртсіз ғалым – тұл.

23. Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің,
бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің.

Отыз сегізінші сөзге саяхат

Абай, жаратылыс пен тіршілік танымдық, Алла мен адам танымдық ой толғамдарын отыз сегізінші қара сөзінде ежіктей түсіндіреді және жалпы «қара сөздер» атты еңбектерін не үшін жазып жүргенін жария етеді.

«Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұлының мінездері туралы біраз сөз жазып ескерткіш қалдырайын. Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббаттың төлеуі – махаббат.

Әуелі адамның адамдығы: ақыл, ғылым деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер: әуелі өзіңе тән мінез-құлық пен ден саулық. Бұлар туысыңнан болады» – деп басталатын сөз – Абай қара сөздерінің ішіндегі ең көлемдісі. Абай бұл сөзінде өз еңбектерінде (қара сөздерінде) жиі кездесе беретін, мысал үшін алынып отырған «қазақ» сөзі онша кездесе қоймайды.

Абай көкіректе жатқан елі мен жеріне, ұлы мен ұрпағына деген ұлы сүйіспеншілік сезімді қағазға түсіргенде, жанындай жақсы көретін өз ұлты мен «жүрегінің қуаты» сол ұлттың болашақ ұрпақтары көз алдында тұрғаны сезіліп-ақ тұр. Абайды солардың болашағы қатты толғандырады.

Отыз сегізінші сөзбен танысқаннан кейін, жалпы Абай қара сөздері туралы ерекше сезімге бөленесің.

Бұл сөздердің тек қана қазақ халқын емес, тұтас адамзат әулетін кісілік пен имандылыққа талпындыру жолында атқарып тұрған қызметін түсінгендей болған шақта, Алла тағаланың Абайдай құлын қазақ топырағынан жаратқанына мың рақметінді айтасың.

Абайдың гуманистігі мен адамсүйгіштігін, діні мен ділін, жаны мен сырын толық ұғынғандай боласың.

Біз төменде келтірілген Абайдың үш ауыз ой түйінін бұрын да атап өткенбіз, бұл жолы тағы да естеріңе сала кеткіміз келіп отыр.

Біріңді қазақ бірің дос – көрмесен істің бәрі бос...

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...

Алланың өзі де рас, сөзі де рас...

Осы сөздер – саналы адамдардың өмір сүру ақиқаты!

Бізден дәл бір ғасыр бұрын Абай бүкіл әлемдік ең күрделі мәселелердің түйінді жерін дөп басып, жауабын тауып айта алған!

Өйткені ол – ұлы! Ұлылар барлық уақытта басқалардан ғасырлап алда жүреді!

Ұлы Абай – ұлы елдің ұлы!

Қазақ екеніңе қалай мақтанбассың!

Абай қара сөздері – адамгершілік әліппесі!

Абай қара сөздері – кісілік қасиеттер мен ұлт болмысы туралы анықтауыш!

Абай қара сөздері – адамның жағымсыз қылықтары мен жаман қасиеттері туралы энциклопедиялық сөздік!

Абай біраз сөздерінде мысал үшін қазақ халқын алады да, біраз сөздерінде жалпы адам баласы атағына тағылар қасиеттерді түгендейді. Тек соларды түгендеп қоймайды, олардан аулақ болу жөніндегі ой қортындыларын келтіреді.

Абайдың осы сөзі – жаратылыс туралы трактат.

Трактат жастарға жаратылыс туралы толық түсінік береді. Адам бойындағы қасиеттердің қасиетгісі – «Құдай жолы» екенін түсіндіреді. Өзін сүйю – айнаға қарап, суретке табыну деп суреттейді. Ең оңбаған қасиет ретінде Абай өзімшілік деген оңбаған қасиетті осылайша жек көрінішті етеді. Өзімшілдердің ақылының өспейтінін ескертеді, өкінеді.

«Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылыққа құмарлықпен, жаратылысқа деген махаббатпен өсер,» – дейді, Абай.

Жаратылыс бәрін адам үшін жаратқан, бәрі – адам баласына таусылмас азық дейді.

«Хауандарды асырау үшін, еті ауырмайтын» жансыздар жаратылды деп, өсімдіктерге бұрын ешкім айтпаған жаңа баға береді.

«Түпсіз терең жақсылық» деген өз сөзіне Абайдың қандай мағына бергенін кім білсін?

Бірақ ол сөздің астарында адамдардың ақылды болғысы келсе, ақылын арттыра түскісі келсе, істеген ісін, ойлаған ойын,

сөйлеген сөзін ұлы махаббатқа бағындыра істеу керектігін ескертіп тұрған секілді. Абай махаббаты ерекше зерттеуді қажет ететін түсінік.

Абай махаббаты – Аллаға деген бағынышты құлшылық болса, адамдардың бір-біріне деген бауырмалдық сезімі.

Бұл сөзде өзімшілдік, қаскүнемдік, надандық, еріншектік, залымдық секілді зиянды қасиеттер туралы анықтамалар беріліп және соларды болдырмаудың, болса құтылудың жолдарын көрсеткен.

Мұсылмандар намазының, дұрыс ниеттеніп оқылар намаздағы әр намазханның рухани тазалығы туралы ежіктей айтылады.

Абай осы сөзіне салған ойларын болашақ «перзенттеріне» ерекше махаббат сезімін бастан кешіре отырып жазған секілді.

Бұл сөз – түгелімен жас ұрпаққа арналған сөз.

Қазақ халқының болашақ перзенттеріне, мұсылман бауырларына, адам пенделерінің болашағына арналған сөз.

Абай өз елінің болашағын, жастарын – «жүрегімнің қуаты» деп атайды. Сол теңеу арқылы ол өзінің қазақ халқына деген зор махаббатын бейнелей алған.

Егер жас адам талпыныс жасаса, туысы жақсылық, содан соң жақсы орта мен жақсы ұстаз оларды ғылым-білімге, Алланы тануға, ізгілік пен рақымшыл болуға махаббаттандырмақ екен. Бірақ жас бала өзінен-өзі оқу мен оқығанын тоқуға бейімделіп кетпейтін секілді. Есін толық өзі игергенше оларды не алдап үйретіп, не зорлап үйретіп жақсылыққа үйір ету қажет дейді.

Дін оқулары жас өскінді Алла жолына салып, Алланы мадақтатады екен. Алла сол мадаққа мұқтаж емес дейді Абай. Ұстаздар сол арқылы жас жүрекке махаббат сезімін егеді. Содан барып жас жүрегі жақсы көргенін шексіз сүйіспеншілікпен сүюді үйренеді екен.

Байлық пен мансап – істеген еңбегіне, ізгі істері мен рахым қылықтарына бола адамды өзі іздеп табатын секілді. «Егер адам мал-мүлкін абырой мен атақ алу үшін жұмсап, өзі сондай мақсатқа табына жүріп еңбек етсе, іздесе адамның адамдығы жоғалады,» – дейді Абай.

...Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым.

Ол жүректің жалынын басар бірақ,
Өлсе, көрде бастырған су топырақ.
Өзі сүйіп, өзгеден сүю іздеп,
Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ.

М. Ю. Лермонтовтан Абай аудармасы

Біз Абайдың төменде келтірілген бір-екі ауыз сөзін тағы да қайталай отырып, өзіміздің Абайға деген сүйіспеншілік сезімімізді

сіздерге сездірмек болып отырмыз. Мүмкін, құнарлы топыраққа өсіп-өнер дән түсер!

Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар! Махаббаттың төлеуі – махаббат.

Абай Құнанбайұлы.

Отыз тоғызыншы сөзге саяхат

Абай бағзы бір заманда, қазақ халқының бақыты басында, бірлік-берекесі елінде тұрған заманда, үлгілі істері мен қылықтары аңыз боп арттағы ұрпақтарына жеткен бабалар үрдісін еске түсіреді.

Сол заман туралы Абай ел көшінің ноктасы білімді мен жақсысында болғанын, береке мен бірлігі халықтың ниетінде болғанын ерекше ықыласпен еске алады.

Абай сөзінен оның сол бір ерекше замандар туралы ойланғаны, сондай заманды сағынғаны байқалады. Сондай замандарда елде ерекше екі қасиет болыпты дейді Абай.

Біріншісі, ол заманда ел билейтін ел басы болушы еді. Ел соның айтқанын орындаушы еді. Ел қамын да, жұрт дауын да сол шешуші еді. Олар шешімін ел талқыға салмай қабылдаушы еді. Сондықтан халық дау-жанжалға араласпай аман жүретін, әркім өзіне тиісті шаруасын атқартын. Содан барып елдің бірлігі, берекесі арта түсіпті дейді.

«Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқыңыз бар болса, жанған отқа күймессін» деп мақал айттып, тілеу тілеп, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң қайтіп бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен дейді.

Өзін зор тұтып, басына хан көтергесін жақсылары да азбайды екен дейді, Абай.

Осындай ғажап заман халқымыздың басында болды ма, болмады ма, оны бір Құдай біледі. Бірақ Абайдың сондай заманды арман етіп отырғаны ақиқат.

Екіншісі – ел намысты болыпты. Ел қамымен аталар аты аталып аруақ шақырылған кезде күнделікті тіршіліктегі өкпе мен реніш ұмытылады екен. Ел, ел намысын, ер ұранын өз басының қамынан, өз намысынан жоғары қояды екен.

Абай соларды сағынышпен еске ала отырып, солар мінезін, қылығын өз замандастарымен салыстырады. Салыстырады да қайда елдің сол қасиеттері деп өзіне өзі, сол арқылы қалың жұрты қазағына наз артады. Салыстырады да өз өкінішін білдіреді. Өкінішінің себебін де ашып айтады. Өз жұртының қазіргі замандастары өз жұртының сол ерекше екі қасиетін жоғалтуға айналғанына өкінеді.

Жат жұрттан жұқты ма, әлде басқа түскесін, сол кезде елді бастар серкелерден айырылғасын ба, әйтеуір тұтас бір мінезді

Бұл сөзді оймен оқымай, көзбен шолып шыққан шала қазақ, Абай тізіп шыққан кемшіліктер арқалы өз қылықтарын ақтап, қазақтықтығынан безіп кетуге де сылтау табар.

Бұл сұрақтар кез-келген адам пендесі басында кездер барлық жағымсыз қасиеттерді түгендеп берген.

Қырықыншы сөздегі (Абайдың жарым жасын құртқан да осы сұрақтарға жауап іздеу болған болар) жиырма сұрақтан кейін қырық бірінші сөздегі: «Қазақты түзеймін деген адамға не істеу керек?» – деп қойылған жалғыз сұрақ бұл мәселені асқынта түскендей.

Бұрын, тәрбиеге түзелмейтін пенде жоқ дегеннің тілін кеспек болған Абай, енді сол тұжырымынан айнығаны ма?

Әлде, қазақ намысын қайрай түсудің жаңа бір амалы ма? Біз солай деп ойлаймыз.

Қазақты түзеймін деп кам жеген адамға Абай тұжырымы бойынша зор билік пен мол байлық керек екен.

Абай заманында қазақ басында ондай кісі болуы мүмкін емес еді. Билік те, байлық та жат қолында болатын. Сол мәселені анық түсінген Абай: «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» – кейпін киеді. Содан барып:

– Енді не қылдық, не болдық! – деп торыққындай болады.

Бұл – Абай сұрағы, Абай – қорқынышы.

Дегенмен, Абай біздерге не істеу керек екенін бұрынғы сөздерінде жауап қайтарып үлгерген болатын. Біз түсінген болатынбыз.

Біз не істеуші едік Абай ата, өзіңіз айтып кеткен надандықтан құтылу қамын жасау қажет болар. Қазақтар бойында бар деп сіз санап шыққан жағымсыз қылықтарға жеткізген надандық екен, демек, әуелі, надандықпен күресу қажет деген сөз.

Надандықтың екі түрі бар секілді. Біріншісі – оқу мен білім жетіспегеннен туындар надандық. Бұл надандық қазір жоққа жуық. Бұ заман қазақтары шетінен оқыған, білімді. Екіншісі – адамның рухани надандығы. Бұндай надандық жай қойшы басында да, атақты академик басында да кездесе береді екен.

Бұл істі өзіңіз айтқандай, қолында шексіз билігі мен байлығы бар адам іске асыра алмақ. Ол үшін ұзақ жылдарға созылар ұлттық тәрбие жұмысы қажет. Сіздің заманыңызда, Абай ата, тұтас ұлт түгіл ру басын біріктіру мүмкін емес еді. Қолда билік жоқ еді.

Бір-бірімізді дос көре алмадық. Басымызда бостандық та жоқ еді.

Қазір мүмкіндік бар. Байлық та, билік те қазақ қолында.

Бізге жетіспейтіні тек қана сіздің даналығыңыз сол кезде анықтап кеткен ақиқатты біздің санамызға сіңістіру – қазақтарға бірін-бірі дос көру ғана қалды.

Бұл ең оңай орындалар іс болғанмен, біраз уақытты қажет ете ме деген қаупім болып отыр.

Қырық екінші сөзге саяхат

Қырық екінші сөз: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретінінің бір себебі – жұмысының жоқтығы» – деп басталып, адамзат баласының (қазақ деп алынған) жұмыссыздық, кедейшілік қырсығынан туындар қулықтары мен сұмдықтары туралы айта келіп, «Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, харекеті де – осы» деп аяқталады.

Абай заманы басқаға тәуелділік заманы еді. Бұрынғы көшпелі елдің өз тағдыры, өз заңы, өз адамгершілік құндылықтары бұрмаланып, басқа ел ыңғайына көндіріле бастаған, халқымыз соған әлі бейімделіп болмаған заман еді. Сондай өздеріне түсініксіз заманға бейімделіп кете алмай жатқан адамдар сан түрлі жолмен «қарын қамын» қамдаған болар. Абай секілді ойшылдар со заманда, зар заманда қазақ халқының бұрынға құндылықтарын жоқтап, «жатып қалған тайлағының жардай атан болғанына» мақтанып, «жоғалған тоқтысының бір отар қой болатынына» сеніп, сол кездегі қазақтың адамгершілік құндылықтарын еске алған сандаған сөздері қалған. Абай әлем данышпандарын білмеді деуге кімнің ары барады. Фирдауси мен Низами сөздерін мысалға келтіріп, Сократ пен Аристотель ойларын дастанға айналдырған Абай кездесіп отырған заманына назырқап әлгі сөзді айтыпты. Абай өз заманындағы билеушілер құлқы мен заман озбырлығы туралы, қазақ басына туындаған өгей заң мен қысым туралы сөз қозғамайды.

Абай бұл туралы ойланбады деймісіз, әрине, ойланды. Ойланбақ түгілі, ертең не боларын сезіп те кетті. Біз Жидебайда «Абай-Шәкәрім» кесенесін салып жүрген кезімізде Жидебайдағы Абай мұражайының меңгерушісі ақсақалдан естіген, Абай өмірінен бір мысал келтіре кетелік.

...Абай бір топ серіктерімен келе жатып, шөбі аздау жерден шөп шауып, өнімсіз еңбек етіп жүрген бір танысына кездесіп, өз жерінен қыстық шөп жинап алуға рұқсат береді. Абайдың бұл шешімінен хабарсыз Еркежан әлгілерді қудырып тастайды. Сонда Адай Еркежанға: «Әй Еркежан! Ертең-ақ орыстар келіп тегінді тергер, жерінді мерлер, тартып алар, сонда жаның шығып кетер ме?» – деген екен. Бұл бір естелік әңгімеден біз қазақтың сол кездегі орыспен қарым-қатынасы емес, болашағын да анық болжаған Абайды танимыз.

Абай «ендігі жұрт» дегенде, бұрынғы жұртын ойламай отырды деуге болмас. Оған қазақ халқының бұрынғы бостандық заманын, елінің еңселі кезін жұрт есіне салғаннан пайда жоғын, қайта қазіргі қателерді көзге шұқып, қалай жөндеу қажеттілігі керектеу болған болуы керек.

Абай заманының суреттері, алдау мен арбау, барымта мен зорлық толқыны кеше ғана, Кеңес өкіметі құлап, Қазақстан Республикасы аяққа тұрып кеткенше басымызға қара бұлттай түнермеді ме? Оны ешкім де өтірікке шығара алмайды.

Демек «ендігі жұрт» аталып отырғандар басына заман тауқыметі түскен адамдар. Зорлықпен өз ғасырлар бойы өз тіршілігімен, өз тәжірибесімен елін ел етіп келгендер біреуге бодан болған кезде, жаңаға бейімделіп кетуге де ғасырлар керек болған болар. Сол кездің ел үшін соншалықты қасырет әкелерін сезген Абай дана елін бейімдеуге тырысқан болар...

Қырық үшінші сөзге саяхат

«Адам ұғылы екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан» – деп басталады Абайдың қырық үшінші сөзі.

Абай бұл сөзінде адам баласының қалай ақыл жинақтайтыны, қалай өнерлі болатыны туралы сөз етеді. Бұл сөзді оқыған адам баланың, адамның қай қасиеті туған бойда болады, қай қасиеті үйренгеннен, көргеннен бойға сіңеді, осы сұрақтар туралы жауап табады.

Кімде-кім естігеннен ғибрат, көргеннен өнеге ала білсе, сол адам ақыл жинақтайды дейді. «Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» дейтіндерді қатты сынап, олардың орынсыз Құдай тағалаға жала жабатынын, сол арқылы өзінің жалқаулығын жасырмақ болатынын мінейді.

Абай жанның да, тәннің де қуатының әу баста әлсіздеу болатынын ескертеді. Екеуі де жан мен тән иесінің жетілдіруі арқылы жетісетінін түсіндіреді. Тән қуатын жетілдіре, күшті боласың. Жан қуатын жетілдіре жүріп, өнерлі боласың. Бірақ бар нәрсенің өлшемі бар. Өлшемсіз кетсең өзің жобадан асып кетесің де, кара басын қалың топтан орын таппайтын дәрежеге жетесің. Тән мен жанды жетілдіру қажет екені әңгіме етіледі де, бірақ оларды жетілдіру, пайдалану көпшілік қабылдаған жобамен жүргені дұрыс дейді.

Кейбір жандардың құмарпаз болып кететіні, бір нәрсеге салынып, содан бой тарта алмайтыны, «өз мүмкіндігін» бағалай алмай, қолы көтерместі беліне қыстырмаққа құмар болатыны, осының бәрі адамдардың шама деген ұғымды мойындамауынан болатынын түсіндірмекке ұмтылады.

Абайдың біраз сөзін өз күйінде келтіре кетелік.

«Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек-бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кететіні болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады»...

Қырық төртінші сөзге саяхат

Егер «Адамгершілік» атты дәрежеге көтерілер баспалдақ бар екен деп келіссек, Абай сол бапалдақтың ең жоғарғы

тұғырына көтеріле алған тұлға. Абай: «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық,» – деп баға береді. Абай талаптының бәрін бірдей кісілік тұлпарына мінгізе қоймайды. Ер атанбаққа, қажеке атанбаққа, молдеке атанбаққа, тіпті қу еді, сұм еді атанбаққа талаптанып жүретіндерді, солардың әлгідей жолға қалай түсетінін, тіпті мақсатына жету үшін, «көкіректі тым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр» дейтіндердің де болатынын дәлелдеп береді.

Абайдың осы ойларымен таныса отырып көзіміз қара сөз әріптерінде ажыратып отырған шақта біздің көз алдымыздан кейбір кісілікті келеке етушілер мен діндар жандарды кемтар жандар қатарына қосушылар елестеп отыр.

Абайдың «көкірек тазалығы» деп атаған кісілік қасиетке қатты көңіл бөлген адам екені әр сөзінен көрініп тұр. Жалған діндарлық пен жасанды қылықтыларды имансыздар дейді. Өз байлығы мен билігін көбейту, абыройы мен атағын ұлықтату жолында дінді пайдаланушыларды Абай нағыз залымдар қатарына қосқан.

Ол дін жолындағы фанатизммен бұрмалаушылықтан сақтандырудан жалықпайды..

Абай қырық төртінші сөзінде «Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» дей отырып, талаптылар ішінен көкірегі таза емес талаптыларға қатты шүйлігеді.

Олар ісіне: «...Бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс,» – деп, қортындылайды.

Абай қалай болғанда да, адал еңбек, көкірек тазалығы, соларды уағыздайтын сөздерді, демек адамды адам етер қылықтарды әр сөзінде ұлықтаумен болады.

Біз осы сөзге саяхатымызды «Абай «Адамгершілік» атты дәрежеге көтерілер баспалдақ бар екен деп келіссек, сол баспалдақтың ең жоғарғы тұғырына көтеріле алған тұлға» деп бастаған едік, сол сөзімізбен аяқтағалы отырмыз.

Қырық бесінші сөзге саяхат

Құдай табарака уаттағаланың барлығының үлкен дәлелі – неше мың жылдан бері әркім әр түрлі қылып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен Құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат Құдайға лайықты дегендігі.

... Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасылып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп,

Сонымен Абай бәрімізден бір-ақ нәрсе сұрайды:

Мұны жазған кісінің

Атын білме, сөзін біл.

Осы жалған дүниеден

Шешен де өткен не бұлбұл,

Көсем де өткен не дүлдүл – дейді.

Осы сөз арқылы біз Абай өзінің ерекше жаратылысын сезген, мойындағанын байқаймыз. Жаратылыстың сол сыйын адам (қазақ)

пенделерінің пайдасына дұрыс атқарып кетуді парыз санаған.

Содан барып:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз – дейді.

Бұл сөзер адамға қалай өмір сүрудің, іс-әрекетінде жақсы адам, толық адам атану үшін қандай асыл қасиеттерді бойына жұқтыруға тырысу, қандайынан қашық жүру, өзіне-өзіннің көңілің толып жүру бағдарламасы.

...Осы, біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?

Әрине Абай бұ сөздерді негізінен жеке адамдарға емес, тұтас қоғамға арнаған болар.

Абай тек қана осы бір сөйлем арқылы барлық адам пенделеріне соншалықты моральді-этикалық жүк арқалатып отыр. Аса салмақты осы философиялық ойды оқып алып: «Мен де сондаймын ба!» – деп, өзінен-өзі сынақ ала алатын кісі, Абай үмітін ақтап шыға алмақ...

Абайдық қара сөздері:

Адам баласының саналы жаратылыс ретінде қолынан келер барлық іс-әрекеттерінің сипаттамасы;

Адамды адам етіп қалыптастыру бағдарламасы;

Адам баласының өмір сүру ережесі.

Абай қара сөздерінде:

Айтылмай қалған ой жоқ;

Қамтылмай қалған қылық жоқ;

Сыналмай қалған мінез жоқ.

Абай әлеміне жасаған алғашқы сапарымыз аяқталған секілді. Алда ғұмыр, бойда қуат болып жатса, денде саулық, жанда ой болып жатса мүмкін тағы да бұндай сапарға ниеттенерміз.

Не таптық? Бұрын біз қажылық сапарға жеті рет, он рет барып қайтатындарға түсіне бермеуші едік. Біз Абай әлеміне сапар жасап қайтқалы, қасиетті жерге, ой ордасына қаншама рет барып қайтсаң да артық емес екеніне көз жеткізіп қайттық.

Не алып қайттық? Өзіміздің бағытымыздың, өмірге көзқарасымыздың Абай маңдай түзеген бағытта екеніне сеніп қайттық.

Не байқадық?

Не байқадық деген сұраққа бірден жауап бере алатын секілдіміз. Абай барлық сөзінде де кісі жаны адамгершілік сезімге бағынуын, тәні еңбек пен мал табу жолына бейімделуін, рухы Алла деп тұруын насихаттайды.



Абай о заман сұраныстарын еске сала отырып, адамдарға мал табу қажеттігін (тіршілік қамын қамдауды), малды адал еңбекпен тапқандардың жаны мен сезімі өмір бойы бостандықта болатынына көз жеткізіп береді.

Адал еңбек етіп, көкірек тазалығына қол жеткізе алғандар адамдық рухын асқақтата алады екен. Соны түсіндік.

Біз Абай әлеміне саяхат жасау – кісілік пен адамгершілік, рухани тазарыс пен сана бостандығы жолындағы ерекше бұлқыныс сапар бола алатынына көз жеткіздік.

Екі жылға созылған осы сапарымыз таза діндар мұсылманның қажылық сапармен Меккеге барып көкірегі мен рухын тазартып, сенімін нығайтып келуінен кем дәрежелі сапар емес екен-ау деп бағаларлықтай дәрежеге жеттік.

қаңтар 2007 – қазан 2008 жыл.

